	үшін заттар салынған суреттер бар. **Ой қозғау.** -Балалар, киімдерді қалай күту керектігін айтыңдаршы?(Балалар жауаптары). Киімге не үшін күтім жасау керек? (Балалар жауаптары.) -Киім адамдарға не үшін керек?(Балалардың жауаптары.) **Балаларды топқа бөлу.-** Үстелде қандай заттар тұр? Киім мен киімге күтім жасау заттары. -Сендер командаға бөлініп отырсыңдар, біз қай топ тапсырманы тез және дұрыс орындайтыныын анықтаймыз. ***Дид ойын: «Киімдерді ажырату»*** ***1-Топ:*** *«Қысқы киімдерді атаңдар»* ***2-топ:*** *Жаздық киімдерді атаңдар.* ***3-топ:*** *Күздік киімдерді атаңдар.* ***4-Топ:*** *Киімге күтім жасайтын заттарды атау.* ***Саусақ гимнастикасы.*** ***«Ормандағы саусақтар».*** *Бір екі үш төрт бес.*	күзде,қысқыда,көктемде киіледі. (қалпақ, көйлек сөйлем құрау. ***2-ші хат: Дид ойын: «Түрлі –түсті қалпақ»*** Білмесбекке достары көптеген түрлі-түсті қалпақ сыйлады. Оның достары қандай қалпақ сыйлады? Балалар Білмесбекке кім қандай қалпақ бергені туралы мнемоникалық жолдар бойынша сөйлемдер құрайды: Білмесбекке көк қалпақ сыйлады, т.б. Осылайша Білмесбек тек көк қалпақ киіп жүрді, ал қалғандары жай ғана бөлмеде шашылып жатты. Бір күні ол барлық қалпақтарды жинауға бел буды, бірақ ол жинай алмады. Қане көмектесеміз бе?. ***Дид ойын: «Қалпақтарды жинаймыз»*** Суретке қарап, бөлмедегі барлық қалпақтарды тауып, сөйлемдер құрау. «Қызыл қалпақ үстелдің астында. Ол үстелдің астынан қызыл қалпақ алды» Жасыл қалпақ жоғарыда әлүлэ тұр. Сары қалпақ шкафтың оңжағында тұр..... ***3-ші хатты ашу.*** ***Дид ойын: «Тізіпші кірпінің***	алмадым. Мен қатты ұялдым. Мен мұны жалғыз жасай алмаймын. Көмектесіңіздерші. Балалар Білмесбекке көмектесеміз бе? ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру*** Адамның сәні, Онсыз жоқ мәні. ***Бұл не? (киім)*** Бірнәрсемененбшік, Кейдеменен аласа. Мұндайқызықдүниеде, Көріп пе едіңтамаша. ***(Бас киім)*** - Ерте тұрдым, Екі айыр жолға түстім. ***(Шалбар)*** - Әр түрлі болып келемін, Қыз бен ұл деп болемін. ***(Көйлек)*** ***Дид ойын: «Жанды сөлемдер»*** Шарты: Жұмбақтың шешуінен шыққан сөздерді қатыстырып, сөйлем құрау. ***Білмесбекке жіберу.*** ***Дид ойын: «Көйлекті әсемде»*** Шарты: Балалар, сатушы бұл көйлектер көптен бері терезеде ілулі тұрғанын, ешкім сатып алмайтынын айтты. Ендеше мына көйлектерді әдемі етіп безендірейік, сонда сатып	кесу - қайшы Киімді әдемілеу - үтік өрнек салу - бор мен сызғыш адам мен матаны өлшеңіз – сантиметр ***Тәжірибе бұрышы.*** ***Айгүлге көмек.*** Зертханамызда қағазбен және матамен тәжірибелер жасап, оның қасиеттерін анықтайық. ***Тәжірибе №1*** Қағазды әртүрлі жаққа тартып, жыртсақ оған не болды? (жыртылады) Иә, кәдімгі қағаз өте оңай жыртылады ал , енді матаны екі қолыңызбен шетінен оңға және солға тартсақ . Ол оңай жыртыла ма? Жоқ, матаны жырту оңай емес, оны қолмен жырту қиын, өйткені мата жеткілікті берік материал. Ал онымен не істейді? (мата созылады, кеңейеді) Иә, маталар әдетте созылады, дегенмен матаның кейбір түрлері бар, оларды созу мүлде оңай немесе тіпті мүмкін емес. ***Тәжірибе №2*** Қағаздан жасалған киімді киіп көрейік. Дұрыс киілге ме? Жоқ. Неге? Ол тез жыртылады,	- Киімге күтім жасауды білесің бе? (Иә). Егер киім лас болса? (киім жуылады). Егер ол мыжылған болса? (киім үтіктеледі). Егер жыртылған болса? (киім тігіледі). Киіміңізді шешіп алсақ, не істейміз? (Ақырын ілін қоямыз немесе бүктейміз) Дұрыс. Жарайсыңдар Киім ұқыпты және жаңа болуы керек. Тазалаймыз,үтіктейміз, жуамыз және құрғатамыз ***Тәжірибе №1*** ***Қағаз мен мата сөйлей алады ма?*** Тәрбиеші: Балалар, қағаз бен мата сөйлей алатынын білгілерің келе ме? Балалар: Иә! Тәрбиеші: Бірақ ол үшін бізге үнсіздік керек. Тәрбиеші: Біз тыныш отырамыз, алдымен қағаздан жасалған орамалды аламыз, оны мыжып бастаймыз. Сіз не естисіз? Балалар: Сыбырлайды, сөйлейді. Тәрбиеші: Дұрыс, сыбдырлайды. Енді матадан жасалған орамалды алыңыз, біз оны мыжып бастаймыз. Тыңдаңыз, мата сөйлей ме? Сіз бірдеңе естисіз бе? Балалар: Ештеңе!

Scanned with CamScanner

	Саусақтар серуендеуге шықты. *Бұл саусақ орманға барды, бұл саусақ саңырауқұлақ терді,* *Бұл саусақ тазарта бастады, бұл саусақ тентек бола бастады,* *Е, мынау тек жеді, сондықтан семірді.* *(Кезекпен балалар жұдырықшадан саусақтарын ашады, алдымен кішкентай саусақтан бас бармағына дейін (екі рет)* ***Менің сүйікті бұрышым.*** *Балалар, Машаның арқасында біз бүгін киім туралы көп нәрсе білдік, енді мен сендерге оған сыйлық беруді ұсынамын.* *Ендеше әр топ Машаға арнап сыйлық жасасын.* ***1-топ:*** *Машаға көйлек саламыз* *Шарты: Трафареттен дайын көйлекті бояу.* ***2-топ:*** *Машаның көйлегіне гүл жапсырамыз.* ***3-топ:*** *Машаға қолшатыр мүсіндейміз* ***4-топ:*** *Машаға тігін машинасын құрастырып сыйға береміз.*	***хаты»*** ***-Келесі хат бізге тігінші кірпіден келді.*** *Ол орман адамдарына киім тігуге шешім қабылдады. Кірпінің кімге қандай киім тіккенін білгілерің келе ме?* *Кірпі тиінге жейде юбка тігіп берді. Кірпі тиінге қандай юбка тіккен?* *Киімдерді сипаттау, әңгіме құрастыру* ***4-ші хат Машадан келген.*** *Шарты: Жағдаяттар бойынша ойлану..* • *Жазда түкті қалпақ кисеңіз не болады?* • *Қыста шорт пен футболка киіп жүрсеңіз не болады?* • *Жаңбырда тәпішке киіп алсаңыз не болады?* • *Ыстықта панаманы кимесеңіз не болады?* • *Желді ауа райында бас киімсіз жүрсеңіз не болады?* • *Егер сіз суықта қолғапсыз жүрсеңіз не болады?* ***Сергіту жаттығуы.*** *Таңертең ерте тұрамын,* *Беті қолды жуамын.* *Апам берген киімді,* *Өзім киіп аламын.* *Кешке үйге келгенде,* *Бәрін жинап қоямын.* ***Пакеттен шыққан тапсырма.*** *Аюдың кофтасын боя* *Тиіннің юбкасын жапсыру* *Бірмесбектің қалпағын*	*алушылар бұл көйлектерді бірден сатып алады.* ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ:*** *Көйлектің гүлдерін бояу.* ***2-топ:*** *Көйлектің жағасын жеңін жапсыру.* ***3-топ:****Көйлекке ілгіш мүсіндеу.* ***4-топ:*** *Дүкеншіге үлкен дүкен құрастыру.*	*беріктіге нашар. Қағаз кеңеймейді, созылмайды және оңай жыртылады.* *- Дұрыс.* *Ал матадан жасалған киімдерді кию оңай - мойын арқылы жеңпір киіңіз, мойынға, қолдарға, аяқтарға киге беруге болады, ол созылады, жыртылмайды.* ***Тәжірибе №3*** *- Иә, мата мен қағаз әртүрлі материалдар, бірақ олар біршама ұқсас. Мысалы, біз қағазды қолымызбен мыжысақ , оған не болады?* *-Матаны мыжып көрейік, қолымызбен қысайық. Енді қарашы, ол не болып қалды? (умаж) Ал дене шынықтыру сабағынан кейін шорт пен футболканы мыжып алсаң, олареа не болады? (умаж). Олар ұсқынсыз болып қалады. Сондықтан оларды мұқият бүктеп, түзету керек.*	*Тәрбиеші: Дұрыс, матадан жасалған орамал сөйлемейді, дыбыс шығармайды, бірақ қағаз орамал сыбырлайды. Қағазды сыбырлататын киімді ме немесе матадан үнсіз тұрған киім кигенді ұнатамыз ба? Қайсы киім жақсы?* ***Тәжірибе №2.*** ***Қағаз мен матаны тегістеу.*** *Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, орамалымыз умаж болып кеткен, енді оларды түзеп көрейік. Алдымен қағаз орамалды қолыңызбен тегістеңіз. Сіз оны тегістей алдыңыз ба?* *Тәрбиеші: Иә, дұрыс айтасың! Қағаз орамалдың мыжылғаны оңша, түзелмейді. Қолымызбен матадан жасалған орамалды тегістеп көрейік. Не болды?* *Балалар: Бұл тегістеледі!* *Тәрбиеші: Дұрыс, матадан жасалған орамал тегістелгенде түзеледі.* *Қортынды балаларды мадақтау.*

Scanned with CamScanner

	Жасаған жұмыстарын қорапқа салып Машаға жібереміз. *Балаларды мадақтау.*	*мүсіндеу* *Машаға тігін машинасын құрастыр.* ***Балалардың жұмысын кормеге апару, суретке түсіру, балалаларды мадақтау.***			
Екінші таңғы ас	***Әңгіме:*** *– Табақтағы асты тауысып жеу керек. Артық алып қалдырмайық.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде жүгірмейміз, орнымызда тыныш отырамыз.*	***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында әркім өз орнында отырады. Басқаларға итермей, кедергі жасамаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымызды созып, басқаның ыдысына қол салмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Нанды жерге тастамаймыз, үгіндісін де жинаймыз. Нан – берекенің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Нанмен ойнамаймыз, үстелге лақтырмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Суды да, асты да үнемдеген бала – ұқыпты бала. Ұқыптылық – жақсы әдет.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асты асықпай жейміз, күйіп қалмау үшін абайлаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішіп болған соң «Рахмет!» айту – әдептіліктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырған кезде орындықтан секірмейміз, абайлап тұрамыз.*
	Еңбегі адал жас орен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*	*Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу,қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жондеуді қадағалау.*	*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*
Серуен	***Картотека № 3*** *Жәндіктерді бақылау.*	***Картотека №6*** *Желді бақылау.*	***Картотека №8*** *«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»*	***Картотека №10*** *Торғай мен Қарғаны бақылау.*	***Картотека № 12*** *Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.*
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. **Күз серуен картотекасынан**				
Серуеннен оралу	*«Еңбегі адал жас орен» - өз-өзіне қызмет жасау.*				
	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	*Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жуды ру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*	*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту*	*Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру.* *жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.*	*Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету.* *Түскі асқа дайындық.*

Scanned with CamScanner

Түскі ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шапшаң жуыну*				
	Әңгіме: *– Бізге ас әзірлеген кісіге «Рахмет» айту – әдептіліктің белгісі.* *Тамақты тауысып жеу – еңбекті бағалау.* *Үнемді болсақ, бәріміз риза боламыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде шұламай, жан-жағымызға кедергі келтірмей отыруымыз керек. Бұл – мәдениеттілік әрі қауіпсіздік.*	***Әңгіме:*** *– Үнемді болу – тек ас ішкенде емес, ойынықты, киімді, заттарды дұрыс пайдалану деген сөз. Ұқыпты адам – бәріне үлгі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде асығып жұтпаймыз, тамақты жақсылап шайнаймыз. Бұл денсаулық үшін де қауіпсіздік үшін де маңызды.*	***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында тәртіпті болу – үлкенге де, кішіге де жарасады.* *Тағамды талғамай, бізге берілген асты қадірлеп жеуіміз керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымыздағы қасықты бұлғап сөйлемейміз, ол басқаларға қауіпті болуы мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Балалар, тағамды тоғып-шашпай, өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық ас алсақ, ол далаға кетіп қалады. Ысырап жасамау – ұқыптылықтың белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырған кезде орындықта дұрыс отыру керек. Қисайып отырсақ, ыдыс төгілін, жарақат алуымыз мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде жан-жағымызға алаңдамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды ұмытпаймыз.*
Күндізгі ұйқы	*Ұйқыға дайындалғанда балаларды жүйелі түрде әрекет етуге баулу: киімдерін шешіп, жинақы қою.* *Әр баланың өз төсегін ретке келтіріп, көрпесін жамылып жатуына назар аударту.*	*Ұйықтар алдында жайлы жағдай қалыптастыру үшін бөлмеде тыныштық сақтау.* *Балаларға қауіпсіздік ережелерін тағы да еске салып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.*	*Балаларға киімдерін шешкенде ұқыптылық танытып, орындыққа немесе ілгішке дұрыс қоюды тысықтау.* *Өз төсектерін әдемілеп жаюға, көрпелерін дұрыстауға үйрету.*	*Ұйқы алдында бөлмені желдетіп, тыныштық орнату арқылы жақсы жағдай жасау.* *Төсектерін өз қолдарымен ашып жатуға кеңес беру.*	*Ұйқы алдында тыныштық сақтау үшін әңгімелерді қысқарту және жайлы орта құру.* *Қауіпсіздік мақсатында төсектерді дұрыс қолдануға, төсек жанында артық зат қалдырмауға ескерту.*
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	***№5.*** *Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар.* *Кел балалар тұрайық.* *Қолымызды жоғары созайық.* *Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап* *Бір демалып алайық.*	***№6*** *Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* *Тыныс алу жаттығулары* *Ұзын құлақ сұр қоян* *Есті қалып сыбырды* *Өсіп тұрған сәбізді* *Жұлып алып ішкеді.*	***№ №7.*** *Майтабанның алдын алу.* *Ояту* *Көзімізді ашайық* *Бойымызды жазайық* *Терезеге қарап* *Күн жылуын алайық.*	***№8*** *Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар.* *Тыныс алу жаттығулары* *Аю жүрді орманда* *Қорбаң, қорбаң, қорбаңда* *Көріп қалып жидекті* *Жұлып алып ішкеді.*	***№ 10.*** *Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* *Мысықтар* *Ояту* *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарап* *Достарымызға күлеміз.*
	Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. *«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.* ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***				

Scanned with CamScanner

Бесін ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*				
	Әңгіме: *– Табақтағы асты тауысып жеу керек. Артық алып қалдырмайық.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде жүгірмейміз, орнымызда тыныш отырамыз.*	***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында әркім өз орнында отырады. Басқаларға итермей, кедергі жасамаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымызды созып, басқаның ыдысына қол салмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Нанды жерге тастамаймыз, үгіндісін де жинаймыз. Нан – берекенің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Нанмен ойнамаймыз, үстелге лақтырмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Суды да, асты да үнемдеген бала – ұқыпты бала. Ұқыптылық – жақсы әдет.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асты асықпай жейміз, күйіп қалмау үшін абайлаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішіп болған соң «Рахмет!» айту – әдептіліктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырған кезде орындықтан секірмейміз, абайлап тұрамыз.*
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	***«Әдемі өрнектер»*** ***Мақсаты:*** *Балалар геометриялық пішіндер мен түстер және түсті таңдай біледі.* ***Ресурстар:****Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер.* ***Жүргізілу барысы:*** *Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады.*	***Әдемі шарлар*** *Бастыру әдісі арқылы төрт түсті шарды бір параққа түсіру.* *Монотопия* *Губка қолдану* ***Сюжетті рөлді ойын*** ***«Дәрігер»*** ***Мақсаты:*** *балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады.* *Күтілетін нәтиже:* *Дәрігер, емделушінің арақатынасын түсініп, ойнай алады.*	***Көбелек*** *Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылығын арттыру. Бояулардың әртүрлі түстерін араластырып, қағаздың ортасына көбелек бейнесін келтіре жағу, екінші бетін жауып, алақанмен сипау.* *Монотопия* *Симметриялық салу*	***Әдемі шарлар*** *Бастыру әдісі арқылы төрт түсті шарды бір параққа түсіру.* *Монотопия* *Губка қолдану* ***Сюжетті рөлді ойын*** ***«Дәрігер»*** ***Мақсаты:*** *балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады.* *Күтілетін нәтиже:* *Дәрігер, емделушінің арақатынасын түсініп, ойнай алады.*	*Қимылды ойын: Менің жымыраған көңілді добым. Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жанында тұрады. Допты бейнелейтін бір бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады.* ***Көңілді добым, о , менің,*** ***Домалап қайда жөнелдің?*** ***Қызыл, сары, көгілдір,*** ***Жел аяқсың-ау өзің бір!***
Балалармен жеке жұмыс	***Әлеуметтік дағдылар*** *«Рахмет» сөзін қолдануға үйрету.* *«Саған не ұнайды?» ойыны арқылы әңгімелесу.* **Еларыс, Аяна**	***Сөздік қорды дамыту*** *Жануарлардың атауын айту. Жануар дауыстарын қайталау* **Қайсар,Санжар**	***Әлеуметтік дағдылар*** *Амандасу, алғыс айту, кешірім сұрауды күнделікті қолдану. Өз ойын ашық айтуға жаттықтыру.* ***Медина,Кәсар***	***Сөздік қорды дамыту*** *Сурет бойынша толық сөйлем құрату («Қыз бала гүл теріп жүр»).* *«Қарсы сөздер» ойыны (үлкен-кіші, ұзын-қысқа).* ***Жанторе,Алинұр***	***Шығармашылық*** *Қарындашпен «Менің достарым» тақырыбында сурет салу.* *Мозаика құрастыру* ***Ерназ,Маржан***
Кешкі ас	***Әңгіме:*** *– Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды*	***Әңгіме:*** *– Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты текпей,*	***Әңгіме:*** *Бүгін біз ас үстіндегі әдептілікті тағы да еске*	***Әңгіме:*** *– Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып*	***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен*

Scanned with CamScanner

	да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі. ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.*	*үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.*	*түсірейік. Ас үстінде тыныш отырып, тамақтанған дұрыс.* ***Кеңес:*** *Темекінің әрқайсысы денсаулыққа пайдалы. Сондықтан асты тәуісып жеген жөн. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтып, бет-қолымызды жууды ұмытпайық.*	*қонаға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тәуісып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.*	*қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымыздағы шаңышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз*
Серуенге дайындық	*«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	*Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*	*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары.* *Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*
Серуен	***Картотека № 3*** *Жәндіктерді бақылау.*	***Картотека №6*** *Желді бақылау.*	***Картотека №8*** *«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»*	***Картотека №10*** *Торғай мен Қарғаны бақылау.*	***Картотека № 12*** *Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.*
Серуенен оралу	*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.*	*Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жуды ру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*	*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Кешкі асқа дайындық. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту*	*Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру.* *жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.*	*Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету.* *Кешкі асқа дайындық.*

Scanned with CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	***Ертегі оқу "Қызыл телпек"*** ***Мақсаты:*** *таныс шығармаларды қайталау кезінде сюжетті сақтау қабілетін дамыту, диалогтық сөйлеуді жетілдіру.* ***(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, танымдық, коммуникативтік қызмет)***	***Көңілді допшар*** ***Мақсаты:*** *Сары түсті ермексаздың кесегін екі алақанмен домалақтауға және жалпақтау дағдысын қалыптастыру,күнжасауды, күннің бейнесін айқындау үшін қосымша заттарды пайдалануды үйрету.**Шығармашылық іс-әрекет***	***Күн (сурет салу)*** ***Мақсаты:****Балаларды ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру. Өз бетінше жұмыс жасауға, үйрету.Шағын әңгіме құрастырту.* ***(қоршаған ортамен танысу, шығармашылық іс - әрекет)***	***Сәйкесін тап*** ***Мақсаты:****Балалардың қиял шығармашылығын логикалық ойлауын дамыту.Балалар қағаздан қиылып жасалған аюдың бейнесін және дөңгелекті сәйкестендіріп орналастырады* ***танымдық, коммуникативтік қызмет)***	***Тақпақ жаттату:*** *«Балабақша» туралы жаттау.* ***Мақсаты;*** *балаларды тақпақты анық, мәнерлеп айтуға үйрету.* ***танымдық, коммуникативтік қызмет)***
Балалардың үйге қайтуы	*Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*				
	Бүгін балалар құммен және табиғи материалдармен ойнады. Ұсақ қол моторикасы дамып, заттарды ажыратып, топтастыруға үйренді. Үйде бірге құммен, су немесе түрлі дәндермен ойнауға жағдай жасасаңыздар пайдалы болады.	*Бүгін балалар мозаика құрап, пазл жинады. Шыдамдылық пен зейіндерін дамытуға тырысты. Үйде қарапайым пазлдар немесе құрастыру ойындарын бірге ойнауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.*	*Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарастырды. Қоршаған ортаға қызығушылық танытып, өз ойларын жеткізуге талпынды. Үйде бірге өсімдіктерді, жануарларды бақылап, олардың атауларын қайталау пайдалы болады.*	*Бүгін балалар топпен бірге ән айтып, ырғақты қимылдар жасады. Бір-бірімен ынтымақтаса әрекет етуге үйренді. Үйде балаңызбен бірге шағын әндерді шырқап, қол шапалақтау немесе қарапайым қимылдар қосуға көңіл бөлсеңіздер тиімді.*	*Бүгін балалар ермексаздан түрлі пішіндер жасады. Қол икемділігін дамытып, қиялын іске қосты. Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға уақыт бөлсеңіздер пайдалы болады.*

Ұсыныс: _____

Әдіскер: _____ **Камза Сайрангүл**

«Құлпынай» орта топ тәрбиешілері:

_____ **Құнапия Жарқынгүл**

_____ **Қожарханқызы Гүлнар**

Scanned with CamScanner

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы IV- апта

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 24
Балаларды қабылдау	*Күй күмбірі – баланы ұлттық өнермен қарсы алу, рухани байлыққа жетелеу.*	*Домбыра әуені – бүлдіршіннің көңілін көтеру, қазақ мәдениетіне жақындату.*	*Күй әуезі – баланың бойына әсемдік пен ұлттық сезім ұялату.*	*Күй күмбірі- Қоңыр домбыра үнімен баланы мейіріммен қарсы алу, өнерге баулу*	*Күй күмбірі – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие нұрын себу.*
	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, сенімді атмосфера қалыптастыру. Көңіл-күйін сұрап, қысқа сұхбат жүргізу («Бүгін өзіңді қалай сезінің тұрсың?»). Дене қызуын өлшеп, денсаулығына назар аудару. Киімдерін шешіп, аяқ киімін ауыстыруға бағыттау.	*Баланы жылы қарсы алып, көңіл-күйін көтеретін әңгіме қозғау. Ата-анадан баланың кешегі іс-әрекеттері туралы қысқа мәлімет алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын бақылау.*	*Баланы есімімен атап, жылы сөздермен қарсы алу. Көңіл-күйін бақылап, қажет болса ата-анасымен сөйлесу. Дене қызуын өлшеу, көз-құлақ жағдайын сырттай қадағалау.*	*Баланы жылы сөзбен қарсы алып, «бүгінгі күніңді не нәрсе қуантады?» деп сұрау. Ата-анасынан баланың таңғы асқа тәбеті туралы қысқа ақпарат алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын медициналық бақылауға алу.*	*Баланы есімімен атап, шағын әзіл немесе жылы сөзбен қарсы алу. Денсаулық жағдайын бақылап, қажет болса медбикеге бағыттау. Киімдерін шешкен соң, ойын бұрышына қысқаша бағыттау арқылы көңілін*
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	*Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*				
	Табиғатты қорғау – балашақ ұрпаққа аманат екендігі жайлы әңгімелесу. ***Кеңес:*** *Қоқысты бей-берекет тастамауды үйретіңіз.*	*Кітап оқу – баланың қиялы мен тілін дамытатыны жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Күн сайын кем дегенде 10 минут кітап оқуға уақыт бөліңіз.*	*Достық – бала өміріндегі ең қымбат қарым-қатынастың бірі екендігі жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Достарына көмектесуді және сыйлауды үйретіңіз.*	*Музыка мен өнер – баланың жан дүниесін байытатыны жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Үйде әуен тыңдап, бірге ән айтуға жағдай жасаңыз.*	*Еңбек – баланы жауапкершілікке тәрбиелейтіні жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Үй шаруасына аз да болса көмектесуге мүмкіндік беріңіз.*
Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес	***Картотека № 3*** ***Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»*** ***Мақсаты:*** *Суреттегі сәйкессіздікті таба біледі.*	***Картотека № 5*** ***Дид ойын: «Телефон»*** ***Мақсаты:*** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді.*	***Картотека №10*** ***Дид ойын:*** ***Танып ал да, атын ата*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту*	***Картотека № 7*** ***Дид ойын: «Гүлдерді күтемін»*** ***Мақсаты:*** *балалардың табиғатты қорғау, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдылары дамиды.*	***Картотека № 19*** ***«Орнын тап»*** ***Мақсаты:*** *балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.*

Scanned with CamScanner

және басқалары)	*Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*				
Таңертеңгі жаттығу	*Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*
	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. *Жаттығу кешені қосымша тіркелген*				
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*				
	Әңгіме: *– Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.*	***Әңгіме:*** *– Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Суды дұрыс пайдаланған адам табиғатты қорғайды. Жуынғанда немесе ыдыс жуғанда суды ағызып қоймай, тек қажетіне қолдануымыз керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су ішкенде асықпай жұтамыз, күліп сөйлеп ішпейміз. Бұл – қауіпсіздіктің бір шарты.*	***Әңгіме:*** *– Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, әйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.*
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	***Ойын: «Қайсысы еңбек?»*** *Тәрбиеші: «Мен қазір іс-әрекеттерді айтамын, сендер оның еңбек пе, әлде ойын ба екенін айтасыңдар:* *– Үй жинау (еңбек),* *– Доп тебу (ойын),* *– Гүл егу (еңбек),* *– Құршақпен ойнау (ойын).»* ***Мағынасы:*** *балаларды еңбекті ажырата білуге үйрету*	***Ойын: «Бір сөз – көп сөйлем»*** *Тәрбиеші бір сөз айтады (мысалы: «Дос»). Балалар кезекпен сол сөзді қатыстырған сөйлем құрайды:* *– «Менің досым бар».* *– «Досымменойнаймын».* *– «Досым маған көмектесті».* ***Мағынасы:*** *бір сөзді түрлі сөйлемде қолдануға, ойды толық жеткізуге үйрету.*	***Ойын: «Жақсы сөзді жалғастыр»*** *Тәрбиеші: «Мен жақсы сөз айтамын, сендер жалғастырыңдар.* *– «Ана ...» (балалар: «мейірімді»).* *– «Дос ...» (балалар: «сенімді»).* *– «Әке ...» (балалар: «қамқор»).»* ***Мағынасы:*** *әдемі сөйлеуге, қамқорлықты сөзбен білдіруге үйрету.*	***Ойын: «Өнерлі кім екен?»*** *Тәрбиеші: «Ән айтқысы келген кім бар? Би билегісі келген кім бар? Сурет салып көргісі келген кім бар?» – деп сұрайды. Балалар кезекпен кішкентай өнерін көрсетеді.* ***Мағынасы:*** *балаларды өз қабілетін көрсетуге, ынтармашылыққа шабыттандыру.*	***Ойын: «Сұрақ пен жауап»*** *Тәрбиеші: «Кімге қойылған сұраққа дұрыс әрі тез жауап береді екен?* *– «Аспанда не ұшады?» (құс, ұшақ).* *– «Түнде аспанда не жанады?» (жұлдыз, ай).* *– «Адамға не керек?» (су, ауа, тамақ).»* ***Мағынасы:*** *тапқырлыққа, дұрыс жауап беруге дағдыландыру.*
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Музыка: 9:35-9:50	Дене тәрбиесі: 9:20-9:35		Дене тәрбиесі: 9:00-9:15 Қазақ тілі: 9.20-9.35	Дене тәрбиесі: 9:15-9:30

Scanned with CamScanner

	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мен зерттеушімін»- экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында үйл.				
	Қызығушылықтарын ояту. ***Таңғажайып сәт:*** *Есік қағылып, Сайқымазақ келеді.* *-Сәлеметсіңдер ме, балалар!* *-Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, мүмкін сендер маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?* ***Менің сүйікті бұрышым.*** ***Ой дамыту*** ***Суреттермен жұмыс.*** ***Гүлдер екіге бөлінеді.*** ***Дала гүлдері, бөлме гүлдері.*** *- Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл - күй сыйлайды.* *Дала гүлдері көктемде шығып, жаздай құлпырып тұрады, күз болып, күн суыта бастағанда олар құрап қалады.* *Сонымен қатар емдік гүлдер де болады. Оны үлкен топқа барғанда толық білетін боласыңдар.* ***Дид ойын: «Гүлдерді өсір»*** ***Шарты:*** *Қиылған суреттерді реті бойынша*	***Менің сүйікті бұрышым*** ***Қызығушылықтарын арттыру:*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *Адамдардың бәрі қызығады, Су құймасаң, сәні бұзылады.(Гүл)* ***Ой дамыту*** ***АКТ технологиясымен жұмыс. «Гүл»*** *Адамдар гүлдерді жақсы көреді. Олардың сұлулығы көңілді көтерді. Гүлдер ауаны тазартады. Бірақ қыста олар өспейді, сосын адамдардың көңілі түсіп қалатын болды. Сондықтан олар гүлдерді үйде отырғызып, оны күтетін болды. Сөйтіп бөлме өсімдіктері пайда болды.* ***Мига шабуыл*** *Біздің бөлмемізде гүлдер бар ма?* *- Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?* *- Гүлдердің түсі қандай?* *- Гүлдердің дұрыс өсуі үшін не істейміз?* ***Ой қозғау*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ*** ***Дид ойын: «Сиқырлы себет»*** ***Шарты:*** *Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге суқұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.*	***Таңғажайып сәт:*** ***Маша келеді. (АКТ технол)*** *- Сәлеметсіңдер ме, балалар!* *Ой Маша. Қош келдің!* *Саламатсың ба?* *Қолыңдағы не?* *Маша: Менің қолымдағы – бөлме өсімдігі. Мен мына гүлді үлкен де, әдемі етіп өсіргім келеді, бірақ қанша өсірсем де өспейді. Қалай өсетінін, қалай өсіру керек екенін білмей тұрмын, сендер маған осы гүлді өсіруге көмектесесіңдер ме?* ***Тәрбиеші:*** *Маша сен реңжіме, сенің қолыңдағы гүл жасанды гүл, сол себепті ол гүл өспей тұр. Ал, біздің балаларымыз сізге табиғи гүлдің қалай өсетінін көрсетеді.* *- Балалар біз Машаға гүлді қалай отырғызып, баптауға болатынын көрсетеміз бе?* *- Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл - күй сыйлайды. Гүлдердің де жанды табиғат, адамдармен сөйлескендей олармен де сөйлесіп, өз ілтипатыңды біздіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет.*	***Дид ойын:«Гүл сыйлаймыз»*** ***Балаларды топқа бөлу*** ***1-топ:*** *Үлкен құмыра құрастыру.* ***2-топ:*** *Гүлдерді бояу.* ***3-топ:*** *Құмыраға гүлдер жапсыру.* ***4-топ:*** *Гүл қоятын стол мүсіндеу.* *Бәрі бірге тақпақ айту* *Гүл өсірдім бөлмеме* ***Болат Үсенбаев*** *Көркі болған үйімнің,* *Гүлді көрсем сүйіндім.* *Қызыл, аппақ гүлдерім* *Күлменен мың құбылды.* ***Маша балаларға рақмет айтып қоштасады.*** ***Тәжірибе №2*** ***ӨСІМДІКТЕРГЕ ҚОРҒАНУ ҮШІН НЕ КЕРЕК?*** ***Міндеті:*** *Өсімдіктердің қоректенуі үшін жарықтың қажеттілігін анықтау* ***Материал:*** *Қапты жапырақтары бар бөлме өсімдіктері (фикус, крассула) гипс.* ***Жұмыс барысы:*** *Балалардың болжамдары тәжірибе арқылы тексеріледі: жапырақтың бір бөлігі гипспен жабылады, өсімдік бір апта бойы жарық көзіне қойылады.* ***Бір аптадан кейін балалар***	***Бақылау жұмыстары*** *Балалар тәрбиешімен бірге серуенге шығып, аулада немесе бақшада бақылау жасайды:* *Ағаштардың жапырақтарына, құстардың қимылына, аспандағы бұлттарға назар аударады.* ***Тәрбиеші:*** *– Қараңдаршы, бұлттар қозғалып барады, күн бізге жылу сыйлап тұр.* *– Ағаштар бізге не береді? (Жапырақ, көленке, таза ауа).* *– Ағаштардың жапырағы қандай түсте?* *– Құстардың қимылына қараңдаршы, олар не істеп жүр?* ***Ой қозғау.*** *– Табиғатты неге қорғауымыз керек?* *– Өсімдіктер мен жануарларға қалай қамқорлық жасай аламыз?* ***Балалардың жауаптары:*** *– Оларға су құямыз.* *– Гүлдерді сындырмаймыз.* *– Қоқыс тастамаймыз.* *Әңгіме: «Кішкентай қамқоршы»* *Ерте-ерте, ертеде бір ауылда Әли атты кішкентай бала өмір сүріпті. Әли күн сайын ауласына шығып, ойнағанды*

Scanned with CamScanner

	тамырдан бастап құрастыру. **«Қармақ»** Шарты: Сұрақтар ілмегі арқылы жауап беру. **Гүлдердің құрлысы:** тамыры, сабағы, жапырағы ***Дид ойын: «Гүлдер әлемі»*** Мозайка гүл құрастыру арқылы топқа бөлу. ***1-топ: Дала гүлін салу.*** Дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы трафаретпен раушан гүлінің суретін салу. ***2-топ: Бөлме гүлі.*** Геран гүлін берілген гүл отырғышқа қиып жапсыру. ***Тәжірибе №1.*** **«Сумен және сусыз»** ***Міндеті:*** өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті сыртқы орта факторларын (су, жарық, жылу) бөліп көрсету. ***Құрал-жабдықтар:*** екі бірдей өсімдік (бальзам), су.  ***Тәжірибе барысы:*** Өсімдіктердің неліктен сусыз өмір сүре алмайтынын анықтау (өсімдік құрап қалады,	 ***Сергіту сәті:*** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен болып өседі. ***2-топқа тапсырма.*** ***Дид ойын. «Гүлді қалай күтеміз»***  ***Суретке оз ойын айту.*** Сурет арқылы гүлдің күту жоздарын айтады. шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі. Тым көп су құюға болмайды. Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін. Гүлдің жанында жүгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін. ***3-топқа тапсырма*** ***Дид ойын: «Гүлді ретімен құрастыр»*** ***Шарты:*** Фетр материалдан жасалған гүл құрлысын ретімен кнопқа арқылы құрастыру ***Тәжірибе алаңы***	Гүлдердің құрылысын қарайықшы: тамыры, сабағы, жапырағы, күлтешелері болады. ***Дид ойын: «Гүл отырғызамын»*** ***Тәжірибелік жұмыс.*** - Балалар, біз тәжірибе жүзінде Машаға гүлді қалай отырғызу, қалай күтіп баптау керектігін көрсетейікші. Алдымен бәріміз алжапқыш тағып алайық бағбан, ғалым боламыз. - Алдымен, гүлдің өскінін қиып алып, оның тамыры шыққанша суға салып қоямыз. Шелекке құнарлы топырақ салып, тамыры бар өскінді сол топыраққа отырғызамыз. Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, гүлдердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алып тұру үшін, топырағын қопсытамыз. Тәрбиеші Машамен бірге гүлге су құйып, топырағын қопсытып көрсетеді. Маша Рахмет балалар! Тәрбиеші: - Жарайсыңдар! – Енді отырғызған гүлімізді терезе алдына қоямыз. Гүлдер күннің көзін жақсы көреді. Машаға сыйлық ретінде гүл жасап берейік.	***қорытынды жасайды:*** жарықсыз өсімдіктерде тамақтану қалыптаспайды. Өйткені гипстелген жапырақта өсу тоқтатылған.	жақсы көреді екен. Оның ауласында жасыл ағаштар, түрлі-түсті гүлдер, сайраған құстар бар еді. Бір күні ол гүлдердің құрап бара жатқанын, құстардың сусыз отырғанын көрді. Әлі қатты ойланды: – Гүлдер бізге әдемілік сыйлайды, құстар ән салады. Ал егер олар құрап, жоғалып кетсе, ауламыз да көңілсіз болып қалады ғой, – деді ол. Осы кезде ауылдың әжесі жолдан өтіп бара жатып, Әлидің жүзін мұңайып отырғанын көрді. Жақындап келіп, мейіріммен сөйледі: – Балам, табиғат – Алланың бізге берген аманаты. Аманатқа қиянат жасауға болмайды. Егер сен гүлге су құйып, құстарға жем берсең, табиғат та саған қуаныш сыйлайды, – деді. Әлі әжесінің сөзін тыңдап, бірден су әкеліп гүлдерге құйды, құстарға дән шашты. Гүлдер қайта жайқалып, құстар шаттана ән салды. Әлидің жүзі бал-бұл жанып: – Табиғат та бізге қамқор болса, біз де оған қамқор болуымыз керек екен, – деді. Содан бастап Әли достарына да табиғатты қорғауды үйретіп, ауылдағы кішкентай қамқоршы бала атаныпты.

Scanned with CamScanner

	жапырақтары құрайды, жапырақта су бар); бір өсімдік суарылып, екіншісі суарылмаса не болады (суармаса өсімдік кеуіп, сарғайып, жапырақтары мен сабағы икемділігін жоғалтады т.б.)? *Біз бір апта ішінде суаруға байланысты өсімдіктердің күйін бақылау нәтижелерін шығару.* ***Қорытындылаймыз*** *Иә, өсімдіктер суысыз өмір сүре алмайды.* ***Сайқымазақ** не деген керемет балар рақмет сендерге, мен үйіме барып, гүлдерімді өсіремін Су болыңдар.* ***Дид ойын: «Гүлге су құямыз»***  ***Шарты:** Гүлдерге су құятын Ыдысты мүсіндеу.* ***Тақпақ*** *Гүлім, гүлім, өсе бер,* *Әдемі боп, асыл боп.* *Күндей жайнап кете бер,* *Қызыл, сары, жасыл боп.* ***Қорытынды.*** *-Балалар, бүгін бізге кім келді?* *-Біз оған не өсіруге көмектестік?* *-Балме гүлдерін не үшін қажет деп ойлайсыңдар?* *Балаларды бағалау, мақтау.*	***Кішкентай ғалымдар.*** ***«Гүл қайда жақсы өседі?»*** ***Міндеті:** өсімдіктердің өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларды анықтау, өсімдіктердің топыраққа тәуелділігін негіздеу.* ***Құрал-жабдықтар:** екі бірдей кесінді, су құйылған ыдыс, топырақ, өсімдік күтіміне арналған заттар.* ***Тәжірибе барысы:*** *Топырақсыз өсімдіктер ұзақ өмір сүре алатынын анықтаңыз? (мүмкін емес); олар қай жерде жақсы өседі - суда немесе топырақта?* *Гүрең шламын әртүрлі контейнерлерге салыңыз – суға және топыраққа.* *Бірінші жаңа жапырақ пайда болғанша оларды бақылау;* ***Қорытынды:*** *топырақтағы өсімдікте бірінші жапырақ тезірек пайда болады, өсімдік жақсы күш алады; суда өсімдік әлсіз болады.* ***Дид ойын: «Гүлді алқап»*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ:** Берілген гүлді ғашыр арқылы бояу* 			***Ойын әрекеттері – «Табиғат сыйы»*** *Балаларға суреттер немесе ойыншықтар беріледі: күн, жаңбыр, гүл, құс, қоқыс.* ***Тапсырма:** табиғатқа пайдалысын оң қолына, зияндысын сол қолына алу.* ***Еңбек әрекеті*** *Балалар шағын топпен жұмыс істейді:* *Бір топ гүлге су құяды;* *Бір топ құм алаңын тазалайды;* *Бір топ құстарға дән салады.* ***Қорытынды:** «Табиғатқа қамқор болсақ, ол бізге әдемілік пен қуаныш сыйлайды».* ***Шығармашылық жұмыс*** *Балаларға бояу, түрлі-түсті қарындаш беріледі.* ***Тапсырма:** «Мен табиғатты сүйемін» суретін салу.* *Кейбірі гүл, кейбірі ағаш, кейбірі жануар бейнелейді.* ***Тәжірибелік жұмыстар*** *Балалармен шағын тәжірибе:* *Бір құмырадағы өсімдікке су құйылады, екіншісіне құйылмайды.* ***Тәрбиеші:*** *– Қай өсімдік ұзақ өмір сүреді? (Балалар – су құйған өсімдік).* *Қорытынды: табиғат та қамқорлықты қажет етеді.*

Scanned with CamScanner

	мадақтау.	***2-топ:*** *Берілген гүлді түрлі –түсті ермексаз жағу арқылы әсемдеу*  ***3-топ:*** *Себетке гүлдер жапсыру.*  ***Тақпақ*** *Қызыл жасыл гүл егіп,* *Баптап, күттік,* *түрлеттік.* *Қалмасын деп қуарып,* *Апта сайын суардық.* *Гүлдендірдік ауланы,* *Аулада гүл қаулады.* ***Сылдырмақ.*** ***Балаларды шеңберге шақыру.*** *Сұрақ –жауап* ***Рефлексия*** *Балаларды мадақтау.* *Смайлктер беру* *Бастапқы қалыпқа келу.* *Негізгі қимылдарды орындау:* ***I.Алға қарай екі аяқпен секіру.****Қояндар бейнеленген суреттерді (слайдты) көрсетеді.* *Тапсырманы түсіндіреді –*			***Қорытынды бөлім*** *Балалар шеңберге жиналып, мына сөздерді қайталайды:* ***«Табигат – біздің досымыз. Біз оны қорғаймыз!»***

Scanned with CamScanner

		өз жұбына секіріп барады да, оған қолын тигізеді, сосын жылдам өз орнына жүгіріп барады. *Нүсқау – бір мезетте екі аяқпен бар жігерімен итеріліп керек.* *2.Тіке бағытта тұрғандардан еңбектейді. Аюлар бейнеленген суретті көрсетеді.«Аюлар!» деген дауыс естілгенде, алдың қарама- қарсы жағына тұрғандардан еңбектейді.* ***Қимыл-қозғалыс ойыны:*** ***«Қонаққа барайық».*** *Екі топқа бөлінеді, бірінші топтың екінші топқа қонаққа баруына ұсыныс жасайды. Жұптасуға көмектеседі.* *Жұптарға музыка әуенімен көңіл көтеруге ұсыныс жасайды.*			
Екінші таңғы ас	***Әңгіме:*** *– Балалар, біздің ішетін асымыздың бәрінде дәрумендер бар. Сүт сүйекті қатайтады, ет күш береді, нан тоқ қылады. Бәрін тауысып жесек, еніміз сау, көңіліміз көтеріңкі болады.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Асымызды тауысып жегенде өзімізді мықты сезінеміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асты бірден ішпейміз, үрлеп барып ішеміз.*	***Әңгіме:*** *– Әрбір ас – ата-анамыздың еңбегі. Оған құрметпен қарасақ, үлкендерді қуантамыз.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Үлкенді сыйлаған бала мейірімді болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде ыдысты ойынашық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін абай ұстаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Суды да, тамақты да үнемдесек, ол жауапкершілігімізді көрсетеді.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Жауапты бала өзін де, басқаны да ойлайды.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су төгілсе сүртіп аламыз, еденге қарап жүреміз, жүгірмейміз.*	***Әңгіме:*** *– Жемістер мен көкөністер бізге қуат береді. Сүт өнімдері мен ет те дәруменге толы. Оларды жесек, сергек жүреміз.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Сергек бала ойнағанда да, үйренгенде де көңілді болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Жемісті асықпай, жақсылап шайнап жейміз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде тыныш отырсақ, бәрімізге ыңғайлы. Бұл – тәртіптіліктің белгісі.* ***Психологиялық тәрбие:*** *– Тыныш отырған бала өзін ұстай біледі, өзін-өзі сыйлайды.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде қатты сөйлемейміз, ауызымызда ас тұрғанда сөйлеспейміз.*

Scanned with CamScanner

Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
	Балаларға серуен алдында өз ойыншықтары мен кітаптарын орнына қоюды үйрету. Киімдерін ұқыпты киюге баулу: бас киімді дұрыс кию, шарфын тағу. Серуен кезінде тәртіп сақтау, асықпай жүру туралы әңгімелеу. Киіну кезінде бір-біріне көмектесуге баулу.	*Серуенге шығар алдында әңгіме жүргізу Жеңіл күртеше мен қалың күртені ажыратуды түсіндіру. Киімін дұрыс іліп қоюға баулу. Балаларды топпен бірге жүруге, тәрбиеші сөзін тыңдауға дағдыландыру.*	*Серуен алдында бөлмені жинақтап, үстел үстіндегі заттарды орнына қоюға үйрету. Қолғап, бас киім, шарфты дұрыс қолдануды көрсету. Аяқ киімнің бауын дұрыс байлауды бекіту. Қатармен жүргенде тыныштық сақтауды қадағалау.*	*Балаларға серуенге шыққанда денсаулықты сақтаудың маңызын түсіндіру (суықтап қалмау үшін жылы киіну). Киімдерін рет-ретімен киюге дағдыландыру: алдымен ішкі киім, содан кейін сырт киім. Шалбар мен белдемшені дұрыс кию бақылау. Серуенге шыққанда тәртіп бұзбауды, тәрбиешіден алыс кетпеуді ескерту.*	*Серуен алдында бір-біріне көмектесу: достарына жәрдемдесу. Жейденің түймесін дұрыс қадап, күртенің ілгегін жабуды қадағалау. Аяқ киімін дұрыс шешіп, шкафқа ұқыпты қоюды үйрету. Серуен кезінде табиғатты бақылау және жолдастарымен мәдениетті қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.*
Серуен	***Картотека № 10*** *Торғай мен Қарғаны бақылау*	***Картотека № 11*** *Күнді бақылау.*	***Картотека №14*** *ауа- райын бақылау*	***Картотека №12*** *Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.*	***Картотека №20*** *Жәндіктерді бақылау.*
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. ***Күз серуен картотекасынан***				
Серуеннен оралу	*«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*				
	Серуеннен оралу: *Балаларға киімдерін реттілікпен шешіп, өз сөрелеріне ұқыпты жинауды үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Балалардың қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде суды*	***Серуеннен оралу:*** *Балаларға киімдерін шешіп, сөрелеріне жинаудың маңызын түсіндіру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, сүлгілерін қолдануды талап ету. Балаларды тазалыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну барысында суды үнемді пайдаланып, шашпауға баулу.*	***Серуеннен оралу:*** *Киімдерін шешкеннен кейін ұқыптап бүктеп, өз орнына қоюды үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Әр баға қолын сабындап жуып, сүлгісін қолдануға үйренеді. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Балаларды сумен ойнамауға, жуыну кезінде тәртіп сақтауға шақыру.*	***Серуеннен оралу:*** *Балаларды киімдерін дұрыс шешуге, шкафтағы орнына жинауға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын мұқият сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету. Жеке бас тазалығын сақтауға тәрбиелеу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуынғанда сумен ойнамауды, еденді*	***Серуеннен оралу:*** *Киімдерін ретімен шешіп, сөрелеріне жинауға, ұқыпты болуға үйрету. Егер киімдері кір болса, тәрбиешіге көрсетуге дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, жеке сүлгісін пайдалануын қадағалау. Балаларды әдептілікке, тазалыққа баулу.*

Scanned with CamScanner

	шашпай, әдеппен қолдануды түсіндіру. ***Түскі асқа дайындық:*** *Барлық балалардың қолдарын жууын қадағалап, тамаққа ұқыптылықпен дайындалуға дағдыландыр*	***Түскі асқа дайындық:*** *Қолдарын мұқият жуып, ас ішуге таза отыруға дағдыландыру.*	***Түскі асқа дайындық:*** *Тамаққа барлас бұрын балалардың толықтай қол жуғанын тексеру.*	*шашпауға үйрету.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларға ас алдында тазалық сақтаудың маңызын түсіндіріп, қол жууын бақылау.*	***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде сумен ойнамауды, тәртіпті сақтауды ескерту.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Тазалықты сақтап, ұқыпты түрде түскі асқа дайындалуға бағыттау.*
Түскі ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану; шашпай жуыну*				
	Әңгіме: *– Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.*	***Әңгіме:*** *– Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкен кезде орнынан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.*	***Әңгіме:*** *Бүгін біз ас үстіндегі әдептілікті тағы да еске түсірейік. Ас үстінде тыныш отырып, тамақтанған дұрыс.* ***Кеңес:*** *Тамақтың әрқайсысы денсаулыққа пайдалы. Сондықтан асты тауысып жеген жөн. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтып, бет-қолымызды жууды ұмытпайық.*	***Әңгіме:*** *– Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз*
Күнлізгі ұйқы	*Ұйықтар алдында балалардың киімдерін ұқыппен жинап қоюына көңіл бөлу.* *Өздерінің төсек-орнын дайындап, ыңғайлап жатуға дағдыландыру.* *Ұйқы алдында бөлмені желдетіп, таза ауа кіргізу.* *Балаларға төсекке жатарда артық әңгімелеспей, тыныш жатуды үйрету*	*Балаларды бірізділікпен киімдерін шешіп, орындыққа немесе шкафқа қоюға дағдыландыру.* *Ұйықтар алдында төсектерін мұқият жаюға бағыт беру.* *Бөлмеде тыныштық пен жайлы ахуал қалыптастыру.* *Ұйықтар алдында асықпай, сабырмен әрекет етуге кеңес беру.*	*Киімдерін шешкенде балалардың ұқыпты әрекет етуіне назар аударту.* *Ұйықтар алдында өз төсек-орнын дұрыстап дайындап жатуды пысықтау.* *Бөлмеде жарықты бәсеңдетіп, тыныштық орнату арқылы ұйқыға қолайлы жағдай жасау.* *Балаларға төсек жанында ойнамауды, қауіпсіздікті сақтау керектігін еске салу.*	*Балаларды ұйықтар алдында киімдерін ретімен шешіп, әдемілеп бүктеуге үйрету.* *Әрқайсысының өз төсегін жайып, жастығы мен көрпесін дұрыс орналастыруын қадағалау.* *Балаларға төсекке дұрыс жатуды және артық қозғалыс жасамауды ескерту*	*Киімдерін шешкен соң, әр баланың өз орнында реттеп қоюын қадағалау.* *Төсегін дұрыстап жаюға, жастық пен көрпесін орнықтырып жатуға бағыттау.* *Балаларға қауіпсіздік ережелерін тағы бір рет еске салу және ұқыпты болуға үйрету.*
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	***№14. 1.Ояну*** *Бойымызды жазайық,* *Қолымызды созайық.* *Жаттығулар жасайық.*	***№16 1.Ояну*** *Көздеріңді ашыңдар,* *Кірпіктеріңді көтеріңдер.* *Беттеріңді жеңіл*	***№15. 1.Ояну*** *Кел балалар тұрайық,* *Қолымызды жоғары созайық.*	***№13. 1.Ояну*** *Ұйқымызды ашайық* *Қолымызды созайық* *Енді қане бәріміз,*	***№ 12. 1. Ояну*** *Күнге қарап күлімдеп* *Көзімізді ашамыз* *Бойды түзе, көтер басты*

Scanned with CamScanner

	Ұйқымызды ашайық.	*қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар*	*Еңкеймеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.*	*Жаттығуды жасайық.*	*Сергіп ұйқы ашамыз*
	Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***				
Бесін ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*				
	Демалыс күндері қалай өткенін сұрау арқылы баланың көңіл-күйін анықтау; *Киімін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу;* *Жаңа аптаға қызығушылық ояту үшін қысқаша әңгіме жүргізу;* *Психологпен бірге жылаушық немесе ұялшақ балаларға қолдау көрсету.*	*Баланың таңертеңгі көңіл-күйін сұрау («Бүгін қалай ояндың?»);* *Ата-анасынан қысқаша ақпарат алу (денсаулығы, ұйқысы, тәбеті);* *Баланың киімін дұрыс орналастыруға бағыт беру;* *Топтағы кезекші балалармен амандастыру, ойынға қосу;* *Эмоциялық бейімделуі қиын балаларға жеке назар аудару.*	*Баланың көңіл-күйін бақылау үшін сүйікті ісін немесе ойынын сұрау;* *Өзін-өзі қызмет ету дағдыларын дамытуға жағдай жасау;* *Достарымен қарым-қатынасқа тарту арқылы бейімделуін жеңілдету;* *Психологпен бірге топтағы балалардың эмоциялық ахуалын қадағалау.*	*Таңертеңгі көңіл-күйін сұрау, мейірімді сөздермен қарсы алу;* *Киімін шешу, аяқ киімін ауыстыру барысында дербестікке ынталандыру;* *Баланы шағын топтық ойындарға қатыстыру;* *Баланың өзін еркін ұстауына жағдай жасау;* *Эмоциялық бейімделуі төмен балалармен жеке әңгімелесу.*	*Апта бойғы жетістіктерін айтып, мақтау арқылы қабылдау;* *Киімін реттеп, гигиеналық дағдыларын еске салу;* *Балаларды көңілді ойынға тарту, апта қорытындысын жасау;* *Ата-анасына баланың жетістіктерін қысқаша жеткізу.*
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	*Әңгеме 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*				
	Таңертеңгі жылы сөз бен мейірім – баланың көңіл-күйіне қуат беретіні жайлы әңгімелесу. ***Кеңес:*** *Баланы балабақшаға әкелгенде күлімдеп, жылы сөзбен шығарып салыңыз.*	*Тазалық – денсаулық кепілі, мәдени-гигиеналық дағдыларды бала күнде орындауы тиіс екендігі жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Үйде қол жуу, тіс тазалау, киімін ұқыпты ұстауды ескертіңіз.*	*Әдептілік – ата-анадан басталатыны, бала үлкенді сыйлауды үлгі арқылы үйренетіні жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *«Рахмет», «өтінемін», «кешір» сөздерін жиі қолданыңыз.*	*Сөйлеу мәдениеті – отбасындағы әңгімеден қалыптасатыны жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Балаға ертегі оқып беріп, өз ойымен болісуге мүмкіндік жасаңыз.*	*Отбасы – баланың алғашқы мектебі, құндылықтар отбасынан басталатыны жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Демалыста баланызбен бірге пайдалы іс жасаңыз, бірге уақыт өткізіңіз.*
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығарма шылық,	***Картотека №10*** ***Дид ойын:*** ***«Танып ал да, атын ата»*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін,*	***Картотека № 12*** ***Дид ойын:*** ***«Әдемі гүл»*** *Ойынның мақсаты:,түрлі түсті боядағы түстерді сәйкестендіре алады.*	***Картотека № 16*** ***Дид ойын:*** ***«Үйжануарлары»*** *Ойынмақсаты:* *Үйжануарларыноларды ңдеңен елгшелерін атау, суреттен*	***Картотека № 17*** ***Дид ойын:*** ***«Менің сүйікті ертегім»*** ***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкерлері атап, жағымды, жағымсыз*	***Картотека № 18*** ***Дид ойын:*** ***«Құстар біздің досымыз»*** ***Мақсаты:*** *Суреттер бойынша құстарға қамқорлықпен қарауды*

Scanned with CamScanner

эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	*атын атап, өз ойын айта алады.*		*өз толдерін тауып қоя біледі.*	*кейіпкерлерді ажырата алады.*	*түсінеді.*
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертеңгі жаттығу	*Наурыз айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 3-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*
	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген				
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*				
	Әңгіме: *– Әрбір ас – еңбекпен келген несібе. Нанды жерге тастамаймыз, асты төкпей ішеміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Асықпай шайнаймыз, ауыз толғанда сөйлемейміз.*	***Әңгіме:*** *– Асқа отырмас бұрын қолымызды таза жуамыз. Суды үнемді қолданамыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты абайлап ұстаймыз, сындырмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Әрбір ас – бағалы.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Артық ас алмаймыз, табақта қалдырмаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Тамақтанып отырғанда орнымыздан тұрмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде бір-бірімізге кедергі жасамаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасықты қатты салмаймыз.*
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)					
	Ойын: «Жақсылық себеті» *Тәрбиеші: «Менің қолымда сиқырлы себет бар. Бұл себетке тек жақсы істер ғана салынады. Қане, сендер қандай жақсы іс істегендеріңді айтыңдар». Балалар: «Мен анама көмектестім», «Мен ойыншығымды досыма бердім», «Мен кілем сыпырдым».* ***Мағынасы:*** *балаларды қамқорлыққа, ізгі іске тәрбиелеу.*	***Ойын: «Шығармашылық сурет»*** *Тәрбиеші: «Қане, көзіміздi жұмып, қиялдайық. Әркім өз арманының суретін көз алдына елестетсін. Арманың не?» Балалар: «Мен аспанға ұшқым келеді», «Мен суретші болғым келеді», «Мен әнші боламын».* ***Мағынасы:*** *балаларды қиялдауға, арманына шабыттануға жетелеу.*	***жобасы*** ***Ойын: «Кімге көмектесеміз?»*** *Тәрбиеші: «Әже ауыр зат көтеріп келеді. Сен не істейсің? Ана ыдыс жуып жатыр. Сен не істейсің? Досың ойыншық құлатты. Сен не істейсің?» Балалар жауап береді: «Көмектесемін», «Жинап беремін», «Суға саламын».* ***Мағынасы:*** *адал еңбек пен көлектің маңызын түсіндіру.*	***Ойын: «Ойлан – тап!»*** *Тәрбиеші: «Мен сендерге сұрақ қоямын, сендер тез ойлап жауап беріңдер: – Аспанда не бар? – Жерде не өседі? – Адамға білім беретін не?» Балалар: «Күн», «Гүл», «Кітап» деп жауап береді.* ***Мағынасы:*** *ойлау қабілетін дамыту, жылдам жауап беруге үйрету.*	***Ойын: «Жылу сыйлайық»*** *Тәрбиеші: «Әрқайсымыздың жүрегімізде мейірім бар. Кәне, жүрегімізді қолымызға салып, қасымыздағы досымызға сыйлайық». Балалар қолдарын қасындағы балаға созып:* *– «Мейірім саған барсын!» – дейді.* ***Мағынасы: қамқорлық, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.***

Scanned with CamScanner

Кестеге сәйкес ҰІӘ	Музыка: 9:35-9:50	Дене тәрбиесі: 9:20-9:35		Дене тәрбиесі: 9:00-9:15 Қазақ тілі: 9.20-9.35	Дене тәрбиесі: 9:15-9:30
	Психологиялық көңіл-күй. *-Балалар, терезеден күн нұрын төгіп тұр екен. Күн көзінен қуат алып, бір – бірімізге ыстық лебіздерімізді арнайық.* *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *Көктем мезгілінде табиғат қандай өзгеріске ұшырайды?* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт.*** *Топқа Тәшіа бала келеді. Тәрбиешімен, балалармен амандасады.* *Тәшіа: - Балалар, елге көктем келді, Наурыз мерекесі жақындады.. Наурыз мерекесі туралы сендер не білесіңдер?* *Балалар Тәшіа балаға наурыз мерекесі туралы слайд көрсетейік.* ***АКТ технологиясы*** *«Наурыз» мейрамы.*	***Мига шабуыл*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Шарты:*** *Киімдер туралы берілген жұмбақты шапшаң шеше білу* *1.Адамның сәні* *2.Бір нәрсе менен биік,* *Онсыз жоқ мәні* *Кейде менен аласа,* *(киім)* *Мұндай қызық дүниеде,* *Көріп пе едің тамаша* *(Борік)* *3.Күні бойы сен оны,* *Екі аяқтап басасың,* *Жатар кезде өзіңнен* *Аулақтатып қоясың* *(етік)* ***Ой қозғау. Сұрақ қою.*** *-Айтыңдаршы,балалар қандай ұлттық киімдерді білесіңдер?* *-Суреттерді көрсетіп талдау,ұл бала мен қыз баланың киімдерін көрсету.*  *Ұлттық киімдер туралы түсінік беру.* ***Шығармашылық жұмыс.*** *Балаларды таңдауы бойынша үш ортаға бөлу.*	***Қызығушылықтарын ояту.*** *-Балалар, бүгін біз әженің үйіне қонаққа барамыз. Бізді ұзақ жол күтіп тұр, тез жету үшін өлең жолдарын тыңдайық.* ***Шаңырақ. Серік Әкірамұлы*** *Киіз үйге кіргенде,* *Бәрі басын иеді.* *Оның сыры білгенге,* *Шаңырақ қой киелі.* *Кереге, уық гажап тым,* *Кестелі ою оң береді.* *Киіз үйі қазақтың,* *Жер шарындай дөңгелек.* ***Өлең не туралы айтылған?*** ***Киіз үйдің пішіні неге ұқсайды?***  ***Дид ойын: «Киіз үй»*** *Шарты: Үлгіге қарап қиынды суреттерден киіз үй құрастыру.* ***Сергіту сәті:*** *Дөңгеленіп тұрайық,* *Керегені қарайық* *Уық болып иіліп,* *Шаңырақка киіліп,* *Киіз үйді құрайық.* ***Әженің үйіне келу.***	***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар бүгін топқа келсем үстел үстінде қоратша тұр.* *Қандай әдемі қоратша!* *Ос қоратшаның ішінде не бар екенін көргілерің келе ме? Олай болса ашып көрейік. Балалар не көріп тұрсыңдар?* *Түрлі-түсті асықтар.* *Қандай әдемі асықтар!* *Асық не екенін білеміз бе?* ***Ой дамыту.*** ***АҚТ технол***   *Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны. Асық төрт түлік малдың сүйегінен алынады. Үлкен малдың асығы үлкен болады, ал мына кішкентай асықтар қойдан, ешкіден алынады. Асық ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ойындарының бірі.* ***Сергіту сәті:***	***Қызығушылықтырын ояту.*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Сәбиге сәнді үй,* *Әжеге ән-күй. **(бесік)*** *Бесікке іледі,* *Әнінде, дәмінде,* *Сәбилер біледі.**(сылдырмақ)*** ***Ой дамыту*** ***Бесік туралы түсінік беру.***  *Сұрақ – жауап.* *-Бесік деген не?* *-Ол не үшін керек?* *-Оны неден жасаймыз?* ***Сөздік жұмыс:*** *Бесік, тербету, жұбату, бесікті аластау, бөпе, сылдырмақ т.б.* ***Өлең оқу.*** ***«Әлди, әлди ақ бөпем»*** ***«Әлди,әлди ақ бөпем»*** *Әлди, әлди, ақ бөпем,* *Ақ бесікке жат, бөпем!* *Қонақ келсе, қой, бөпем,* *Қой тоқтысын сой, бөпем,* *Құйрығына той, бөпем* ***-Өлең не туралы айтылған?*** ***Ғажайып сәт.*** *– Айгүл құрышақтың қонаққа бөпесін алып келуі.*

Scanned with CamScanner

	 ***Ой дамыту.*** *Наурыз-думан мерекесін бүкіл халық тойланады. Қазақ даласына жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні, күн мен түннің теңелеінкезі келді. Мал төлдеп, қозы-лақтар ойнап, табиғат оянатын кез.* *-Ата-бабамыз осы мерекені ауыл-ауылда тойлап, қазақтың ұлттық ойындары ойналады. Қазақтың кең дастарқаны жайылады.* *Қазақтың ұлттық киімдері киіледі. Алтыбақан, той-думан болады.*  *Жеті тағамнан жасалатын наурыз көже пісіріледі. Міне, Наурыз мерекесінің ерекшелігі осылар.* ***Сергіту сәті.***	***Бірінші орталық :*** *Дәнін қиындылардан сауқеле жапсыру.* ***Екінші орталық*** *сауқеленің суретін салады.* ***Үшінші орталық*** *мозаикамен сауқеле жасайды.* ***Қорытынды.*** *Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.* *Балаларды мадақтау*	*Әжемен амандасу.* *-Балалар әженің үйінде қандай бағалы бұйымдар көп екен. Әже бағалы бұйымдарымен таныстырады.* *-Әже осының ішінде әдемі болып көрініп тұрғаны сандық.*  *Осы сандықты қайдан алғаныңызды, қалай жасалғанын айтып беріңізші.* ***Сандықпен таныстыру.*** ***Ой дамыту.*** ***Суретпен жұмыс*** *тақтаға бірнеше қолөнер туындыларының суреттерін ілу.* *Балалар олардың аттарын атау.* *Мысалы: қоржын, сандық т.б.*  *Бұларды қолөнер туындылары екенін түсіндіру.* ***Сергіту сәті:*** *Шеңбер болып тұрайық,* *Керегені құрайық.* *Уық болып ілініп,* *Шаңырақты құрайық* ***Дид ойын: «Көлеңкесін***	*Секіреміз топ-топ,* *Шапалақтап көп-көп.* *Ілеміз оңға қарай бір, екі, үш,* *Ілеміз солға қарай бір, екі, үш* ***Дид ойын: «Кім тапқыр»*** ***Шарты:*** *Қорапшаның ішіндегі асықтардан тапсырма орындау.* ***1-тапсырма..*** ***Дид ойын: «Топтастыр»*** ***Шарты:*** *Асықтарды түсі бойынша жинау.*  ***2-тапсырма. Дид ойын: «Қоржын»*** ***Шарты: Асық салатын қоржынға ою жапсыру.***  ***3-тапсырма.*** *Дид ойын: «Әдемі асықтар»* *Шарты: Асықтарды әр түске бояу.*  *Балалардың жұмысын*	*-Бесікке салу дәстүрін көрсету.* *–Өлең жолдарын бәрі бірге айтып бопені ұйықтату.* ***Дид ойын: «Ерекшелігін тап»*** ***Шарты:*** *Наурыз мейрамының ерекшелік-терін суреттен топтау.* ***Шығармашылық бұрыш*** *Еркін тақырыпта* ***Қортынды*** *Сұрақ-жауап* *Балалрды мадақтау.*

	Қара жорға бие ***Наурыз көже.*** *Балаларға Наурыз көже туралы түсінік беру.* *Наурыз көже Наурыз мерекесінде дайындалатын негізгі тағам.*  *Оған жеті түрлі дәм қосылады. Бидай, ет, тұз, сүт, бұршақ, сары май, құрт немесе айран қосылады.* *«Жеті» қасиетті сан.* ***Дид ойын: «Атын ата»*** ***Шарты:*** *көжеге қосылатын тағамдарды атау.* ***Тазша: -*** *Балалар,рахмет сендер наурыз мерекесі туралы көп түсінік беріп жатырсыңдар.* *Тәрбиеші: Наурыз мерекесінің сәні ұлттық ойындар. Сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?* ***Балалар:*** *- «Бәйге», «Алтыбақан», «Арқан тартыс», «Қыз қуу», асық ойындары, «Көкпар» т.б..*		***тап»*** *Шарты: берілген жиһаздардың көлеңкесін тауып орналастыру және оны атау.* ***Рефлекция*** ***Сұрақтар ілмегі*** *арқылы қорытындылау.* *-Сандықты неден жасайды?* *-Ол сандықты не үшін қолданамыз?* *-Үйлеріңде сандық бар ма?* *Балаларды мадақтау.*	*көрме ұйымдастыру* *Балаларды мадақтау.* ***Қортынды*** *Сұрақ-жауап* *Балалар бүгін біз не туралы өттік?* *Асықты неден аламыз?* *Асықпен қандай ойындар ойнаймыз?* ***Тақпақ. Асығым.*** *Ал, ойналық, балалар,* *Әр асықта бага бар.* *Ұта білген баланы –* *Әрбір бала бағалар.*  *Балаларды мадақтау.*	

Scanned with CamScanner

	Қимылды ойын: «Арқан тартыс». ***Қорытынды.*** *Балалар, Наурыз туралы көп біледі екенсіңдер.* *Тәтіше бала балаларға рахмет айтып қоштасады.* *Бүгін не туралы айттық?* *-Наурыз қандай мереке?* *-Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?* *Балаларды мадақтау.*				
Екінші таңғы ас	*Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру. Екінші таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орындарына отырып,дұрыс тамақтану.*				
Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	*Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жондеуді қадағалау.*	*Серуенге шығу, балаларды бірінен киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*
Серуен	***Картотека №16*** ***Бұталарды бақылау.***	***Картотека №17*** ***Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.***	***Картотека №18*** ***Құстардың ұшып келуін бақылау***	***Картотека №19*** ***Қараторғайларды бақылау.***	***Картотека №20*** ***Ұяларды бақылау.***
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. ***Көктемгі серуен картотекасынан***				
Серуеннен оралу	*«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*				
	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін	*Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне*	*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Қолдарын*	*Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру.*	*Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету.*

Scanned with CamScanner

	жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.	*сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*	*сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту*	*жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.*	*Түскі асқа дайындық.*
Түскі ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*				
	Әңгіме: *– Қолды сабындап жуу – денсаулық кепілі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су шашпай, абайлап жуамыз.*	***Әңгіме:*** *– Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Нанды ауызға толтыра салмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас кезінде тыныш отырамыз, таласпаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты бір-бірімізге ысырмаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішіп болған соң ыдысты ретімен қою – ұқыптылықтың белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты қатты соқпаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Тамақты мөлшермен ғана аламыз. Артық қалдырмаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз.*
Күндізгі ұйқы	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.*	*Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.*	*Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау*	*Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.*	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау*
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	***№14. 1.Оянў*** *Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.*	***№16 1.Оянў*** *Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріне жымиыңдар*	***№15. 1.Оянў*** *Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.*	***№13. 1.Оянў*** *Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.*	***№ 12. 1. Оянў*** *Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз*
	Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас орен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***				
Бесін ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*				
	Әңгіме: *– Ас ішіп отырғанда ойынышықты әкелмейміз. Ас – ойын емес, денсаулыққа қажет.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде орыннан тұрып жүгірмейміз.*	***Әңгіме:*** *– Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Сондықтан асты төкпей жейміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Дастарқанды былғамай, таза ұстауымыз керек.*	***Әңгіме:*** *– Әдемі отырған балаға бәрі риза болады. Ас үстінде тып-тыныш, түзу отырайық.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымызды сермемейміз, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Асқа құрметпен қарасақ, ол берекелі болады. Әрбір ас – сый.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасық пен шанышқыны бір-бірімізге бағыттамаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Үнемді бала – тәртіпті бала. Су мен асты үнемдеп пайдалансақ, табиғатты да, еңбекті де бағалаймыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас үстінде шуламаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз.*
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық,	***Дид «Нан дастарханға қалай келеді?»***	***«Біздің шаңырақ» Е.Өтетілеуов*** *Атамнан басталар*	***Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева*** *Арасында гүлдің*	***Құстар туралы тақпақ Карлыгаш*** *Адамзаттың жақыны*	***Санамақ*** *Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз.*

Scanned with CamScanner

ұлттық, сюжеттi-рөлдік, үстел үстi-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	***Мақсаты:*** *Балалар бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніне түсінеді. Дақаншылардың еңбегін құрметтеуді біледі. (әлеумет саласы карт)*	*Әжеммен қосталар Отбасым мынылар: Ең жақын адамдар Әжем мен анам бар Бір туған ағам бар Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін еремін!* ***Қимылды ойын: «Тату-тәтті отбасы» Ойын мақсаты: Балалар*** *үлкендерді сыйлауға, отбасы мүшелерін дұрыс атауды біледі.*	*Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!*	*Қарлығаш та ақылды Көгершін мен екеуі Жайлайды бір шатырды* ***Торғай*** *Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды Құс өкпелеп кетеді Бақшалызға қонбайды.* ***қимылды ойын:«Ұшты-ұшты»*** ***Мақсаты:****балалардың ойлау қабілетін дамыту.*	*Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз* ***Дидактикалық ойын:«Құлыпты аш»*** *Мақсаты:логикалық ой-зай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады.*
Балалармен жеке жұмыс	***Сөздік қорды дамыту*** *Дыбысты созып айтуға арналған жаттығулар («а-а-а», «о-о-о»). Жануарлардың атауын үйретіп, олардың дыбысын қайталату. Сурет бойынша «Не көріп тұрсың?» әңгімесін ұйымдастыру.* ***Ерназ,Маржан***	***Әлеуметтік дағдылар*** *«Жақсы бала – үлгілі бала» тақырыбында қысқа әңгіме. Кезекте тұруды үйрету. Жеке мақтау арқылы ынталандыру.* ***Жанторе,Алинұр***	*Ерін бұлшықеттерін дамыту жаттығулары («трубочка», «күлімдеу»). Жануарлар жайлы қысқа әңгіме құрастыру. Өлең шумақтарын қайталау.* **Қайсар,Санжар**	***Математикалық ұғымдар*** *Заттарды көлеміне қарай салыстыру (үлкен–кіші). Қызыл және көк түстерді ажырату. Қатарға ретімен орналастыру жаттығуы.* **Еларыс, Аяна**	***Әлеуметтік дағдылар*** *«Өз атыңды айт» ойынын өткізу. Амандасу және қоштасуды дұрыс қолдануға жаттықтыру. Баланы өз затын ұқыпты орнына қоюға үйрету.* ***Медина,Кәсар***
Кешкі ас	*Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру. Екінші таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру*				
Серуенге дайындық	*«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	*Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киміндегі олқылықтарды жондеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау*	*Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*

Scanned with CamScanner

		және жинау			
Серуен	***Картотека №16 Бұталарды бақылау.***	***Картотека №17 Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.***	***Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау***	***Картотека №19 Қараторғайларды бақылау.***	***Картотека №20 Үйлерды бақылау.***
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. ***Таңғы серуенді бекіту.***				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру				
Балалардың үйге қайтуы	*Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*				
	Бүгін балалар сурет салып, түрлі түстерді қолдана отырып қиялын дамытты. Ойларын қағаз бетінде бейнелеуге тырысты. Үйде балаңызбен бірге сурет салып, түстерді атауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.	*Бүгін балалар ертегі тыңдап, кейіпкерлердің әрекеттерін талқылады. Қиялы дамып, ойларын еркін жеткізуге тырысты. Үйде қарапайым ертегілерді бірге оқып, балаңыздың пікірін сұрауға кеңес береміз.*	*Бүгін балалар қимылды ойындар ойнап, дене қимылдарын үйлестіруге жаттықты. Шыдамдылық пен ептілігін көрсетті. Үйде бірге серуенден, қимылды ойындар ойнауға көңіл бөлсеңіздер пайдалы.*	*Бүгін балалар тақпақ жаттап, бір-біріне айтып берді. Сөйлеу мәнері мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге талпынды. Үйде қысқа өлеңдер мен мақал-мәтелдерді қайталап жаттауға мүмкіндік берсеңіздер пайдалы болады.*	*Бүгін балалар ән айтып, би қимылдарын жасап көңіл көтерді. Өз өнерлерін көрсетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Үйде балаңызбен бірге ән тыңдап, қарапайым би қимылдарын қайталау пайдалы болады.*

Үсыныс:_____

Әдіскер:_____ **Камза Сайрангүл**

«Құлпынай» орта топ тәрбиешілері:

_____ **Құнапия Жарқынгүл**

_____ **Қожарханқызы Гүлнар**

Scanned with CamScanner

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы IV-апта

Күн тәртібінің үлгісі	Демалыс	Демалыс	Бейсенбі 26.03.2026	Жұма 27.03.206
Балаларды қабылдау			*Күй күмбірі- Қоңыр домбыра үнімен баланы мейіріммен қарсы алу, өнерге баулу*	*Күй күмбірі – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие нұрын себу.*
			Баланы жылы сөзбен қарсы алып, «бүгінгі күніңді не нәрсе қуантады?» деп сұрау. Ата-анасынан баланың таңғы асқа тәбеті туралы қысқа ақпарат алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын медициналық бақылауға алу.	*Баланы есімімен атап, шағын әзіл немесе жылы сөзбен қарсы алу. Денсаулық жағдайын бақылап, қажет болса медбикеге бағыттау. Киімдерін шешкен соң, ойын бұрышына қысқаша бағыттау арқылы көңілін*
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	*Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*			
			Музыка мен өнер – баланың жан дүниесін байытатыны жайлы әңгімелесу. ***Кеңес:*** *Үйде әуен тыңдап, бірге ән айтуға жағдай жасаңыз.*	*Еңбек – баланы жауапкершілікке тәрбиелейтіні жайлы әңгімелесу.* ***Кеңес:*** *Үй шаруасына аз да болса көмектесуге мүмкіндік беріңіз.*
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығарма шылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)			***Картотека № 17*** ***«Менің сүйікті ертегім»*** ***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу.*	***Картотека № 18*** ***«Құстар біздің досымыз»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.*
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан			
Таңертеңгі жаттығу			*Наурыз айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Наурыз айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*
	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген			

Scanned with CamScanner

Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*			
			Әңгіме: *– Суды дұрыс пайдаланған адам табиғатты қорғайды. Жуынғанда немесе ыдыс жуғанда суды ағызып қоймай, тек қажетіне қолдануымыз керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Су ішкенде асықпай жұтамыз, күліп сөйлеп ішпейміз. Бұл – қауіпсіздіктің бір шарты.*	***Әңгіме:*** *– Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.*
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)				
			Ойын: «Өнерлі кім екен?» *Тәрбиеші: «Ән айтқысы келген кім бар? Би билегісі келген кім бар? Сурет салып көргісі келген кім бар?» – деп сұрайды.* *Балалар кезекпен кішкентай өнерін көрсетеді.* ***Мағынасы:*** *балаларды өз қабілетін көрсетуге, ынғайсыздыққа шабыттандыру.*	***Ойын: «Сұрақ пен жауап»*** *Тәрбиеші: «Кімге қойылған сұраққа дұрыс әрі тез жауап береді екен?* *– «Аспанда не ұшады?» (құс, ұшақ).* *– «Түнде аспанда не жанады?» (жұлдыз, ай).* *– «Адамға не керек?» (су, ауа, тамақ).»* ***Мағынасы:*** *тапқырлыққа, дұрыс жауап беруге дағдыландыру.*
Кестеге сәйкес ҰІӘ			Дене тәрбиесі: 9:00-9:15 Қазақ тілі: 9.20-9.35	Дене тәрбиесі: 9:15-9:30
			Қызығушылықты ояту. *Балалар стол үстінде суреттің репродукциясы бар матамен жабылған мольбертті көреді.* ***Мига шабуыл*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *Жұмбақ жасыру* *Қар мұз еріп, су көбейіп,* *Сай салаға толады.* *Бұршақ жарып, жарық ашып,* *Гүл бәйшешек басады.* ***(Көктем).***	***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар, қол ұстасайық.* *Бір, екі, үш, төрт, бес - шеңберде айналамыз.* *Жаңа күн келді, күліп қарсы алайық. Мен саған күлемін, ал сен маған және бір-біріңе күліңдер. Бүгін біз бәрін күлімсіреп қарсы аламыз* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру.***

Scanned with CamScanner

			Суретті ашу. - Бұл сурет не туралы? Көктемнің қандай белгілерін байқадыңдар? (биік көк аспан, борпылдақ қар, суретті күн басқан, қайың бұтақтары қара емес, қызғылт түсті). Тәрбиеші: Дұрыс, балалар, көктем келіп, ұзақ қыс ұйқысынан оянды. **АКТ технологиясымен жұмыс.** Ал көктемнің қандай түстері бар екенін суретшілер өз суреттерінде қалай бейнелегенінен көрейік - Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар: күн жарқырап тұр ма? Неліктен олай ойлайсыз, өткені суретші оны салмаған? Қане суретшіге көмектесеміз бе? **Дид ойын: «Күн жарқырайды»** **Жүргізілу барысы:** **1.**Қызғылт сары түсті дөңгелек пішінді жапсырамыз. 2.Жапсырған пішінге боялмаған күннің шуақтарын жапсыру. 3. Боялмаған шуақтарды сары түске бояу. Күн жарқырады, шуағын шашты. Біз суретшіге көмектестік. **Сұрақ жауап** Күннің қандай пайдасы бар? Күн жылиды, өсімдіктер өседі ..... **Тақпақ** Көктем күні әдемі, Жерде гүлдер өскенде. Көктем күні әдемі, Жерде шөптер өскенде. Көктем күні шуақты, Жарқырап тұр көктемде. **Қортынды.** **Сұрақ – жауап.**	Қар суы еріп, сай-салаға толады. Жер көгеріп, бүршік атты Бұл қай кезде болады?, Балалар: Көктем. балалар, сұлу Көктем бізге асығып келеді. **Мнемотехника әдісі.** Көктемнің белгілері қандай? Балалар Мнемоникалық кестеге сүйене отырып, көктем туралы өз ойларын айту. - Көктемде күн жарқырап шығады және жылы болады. -Қар еріп жатыр. - Алғашқы еріген жерлерде қара дақтар пайда болады. - Арықтарда ағындар ағып жатыр . - Құстар жылы жақтан келеді. Көктемнің келуімен қанатты достарымыз бізге оралады. Құстар көктемнің алғашқы хабаршысы. **Көктем өрнегі** **Е.Өтетілеу ұлы.** Өлең жолдарын оқып, түсіндіру. Қар еріді, су ақты, Күндер келді шуақты. Байтақ дала келбеті Түкті кілем сияқты. **Шығармашылық бұрыш.** **Дид ойын: «Көктемді безендір»** **Топтық жұмыс.** **А3 форматқа көктем мезгілін түсіру.** Ағып жатқан суды жапсыру. Аспан әлемін құрастырып жапсыру. Гүлдердің ортасына саусақ арқылы ермексаздан күлте салу Ағаштарға мақта таяқшасымен бүршік салу. **Қортынды**

Scanned with CamScanner

			Балаларды мадақтау	***Дид ойын: «Жақсы мен жаман»*** ***Мақсаты:****Жақсы қасиет болса қолдарын шапалақтайды, жаман қасиет болса тыныш отыру.* *1) Көшет отырғызу.* *2) Ағаштарды сындыру.* *3) Құстарға жем шашу.* *4) Құстың ұясын бұзу.* *5) Ағаштарға су құю.* *6) Гүлдерді жұлу.* *7) Құстарға ұя жасау.* ***Балаларды мадақтау.***
Екінші таңғы ас	*Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру. Екінші таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру* *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орындарына отырып,дұрыс тамақтану.*			
Серуенге дайындық	*Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*			
			Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.* *Серуенге шығу.*
Серуен			***Картотека №14*** *Ағаштарға бақылау жасау*	***Картотека №20*** *Ұяларды бақылау.*
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. ***Көктемгі серуен картотекасынан***			
Серуеннен оралу	*«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.*			
			Серуеннен оралу: *Балаларды киімдерін дұрыс шешуге, шкафтағы орнына жинауға үйрету.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын мұқият сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету. Жеке бас тазалығын сақтауға тәрбиелеу.* ***Гигиеналық шаралар:***	***Серуеннен оралу:*** *Киімдерін ретімен шешіп, сөрелеріне жинауға, ұқыпты болуға үйрету. Егер киімдері кір болса, тәрбиешіге көрсетуге дағдыландыру.* ***Тазалық процедуралары:*** *Қолдарын сабындап жуып, жеке сүлгісін пайдалануын қадағалау. Балаларды әдептілікке, тазалыққа*

Scanned with CamScanner

			Жуынғанда сумен ойнамауды, еденді шашпауға үйрету. ***Түскі асқа дайындық:*** *Балаларға ас алдында тазалық сақтаудың маңызын түсіндіріп, қол жууын бақылау.*	*баулу.* ***Гигиеналық шаралар:*** *Жуыну кезінде сумен ойнамауды, тәртіпті сақтауды ескерту.* ***Түскі асқа дайындық:*** *Тазалықты сақтап, ұқыпты түрде түскі асқа дайындалуға бағыттау.*
Түскі ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну*			
			Әңгіме: *– Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз*
Күндізгі ұйқы			*Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.*	*Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау*
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары			***№2. Ояну*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***№5. Ояну*** *Оянайық балалар* *Маған тезірек қарандар* *Шапалақты ұрайық* *Орнымыздан тұрайық.*
	Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. *«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.* ***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан***			
Бесін ас	*Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*			
			Әңгіме: *– Тамақ ішкенде дұрыс отырып, тәртіпті сақтайық. Үстелде қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Әр тағам – еңбектің жемісі. Артық алып қалдырмай, тауысып жеу – еңбекті бағалау. Асқа құрметпен қараған бала – тәрбиелі*

Scanned with CamScanner

			Қауіпсіздік: *– Ас үстінде қатты дауыстап сөйлемейміз. Бұл – өзімізге де, қасымыздағы балаларға да қауіпсіз.*	*бала.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде орыннан тұрып кетпейміз, ойнап жүгірмейміз. Бұл – жарақаттың алдын алады.*
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)			***Дид ойын «Суреттші қай жерде қателесті?»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* ***Дид ойын:*** ***«Көкөністер мен жемістер»*** ***Мақсаты:*** *жемістер мен көкөністерді сипаттап айтуды,олардың пайдасы туралы біледі.* ***Құрал-жабдықтары:*** *Жемістер мен көкөністердің суреттері* ***Ойынның барысы:*** *Көкөністер мен жемістер суреттттерін салатын қалташалар тақтаға ілінеді. Үстер үстінде суреттер аралас жатыр. Шақырылған бала өзіне ұнаған жеміс немесе көкөністі танып алады да қалтаға салады. Қайда өсетіні, түсі, пішіні, дәмі туралы сипаттап айтады.*	***Кітап бұрышы Ертегілер елінде. Көркем әдебиет.*** *«Жеті лақ» ертегін суреттер арқылы қарау, ертегі кейіпкерлерін атау.* *Ертегі желісін түсіндіру..* *Бет перде кейіп ертегіні сомдау.* *Шығармашылық бұрыш.* *Балаларды топқа бөлу.* ***Дид ойын: «Ертегі кейіпкерлері»*** ***1-Топ: Ешкі мен лақтарды бояу.*** ***2-топ: Қасқырды мүсіндеу.***
Балалармен жеке жұмыс			***«Сиқырлы қап»*** *– Қатпықтың ішіне түрлі ойыншық немесе зат салып қоямыз (алма, қасық, кубик, доп).* *– Бала қолымен сипап, затты атамай табуы керек.* ***Мақсаты: сезім мүшелерін, ойлауын дамыту.*** ***Жанторе,Алинұр***	***«Сиқырлы сурет»*** *– Ақ қағазға қарапайым суретті (күн, гүл, үй) басталып қойылады.* *– Бала бояумен толықтырып шығады.* ***Мақсаты: қиял мен шығармашылықты дамыту.*** ***Медина,Кәсар***
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту			

Scanned with CamScanner

Кешкі ас	*Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру. Екінші таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру*			
Серуенге дайындық	*«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.* *Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*			
			Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*
Серуен			***Картотека №14*** *Ағаштарға бақылау жасау*	***Картотека №20*** *Үлкарды бақылау.*
	Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық танытуға. ***Таңғы серуенді бекіту.***			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде катарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес кимыл әрекеті).**			
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды карау, Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру			
Балалардың үйге қайтуы	*Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*			
			Бүгін балалар түрлі дыбыстарды тыңдап, қай жануарға немесе затқа тән екенін ажыратты. Тыңдау және есте сақтау қабілетін дамытуға тырысты. Үйде табиғат дыбыстарын немесе музыка тыңдап, бірге талқылау	*Бүгін балалар кітап бетінен суреттерді қарап, әңгіме құрастырды. Ой қорытып, өз қиялын әңгімеге айналдыруға талпынды. Үйде бірге кітап оқып, суреттер бойынша сұрақ қоюды әдетке*

Scanned with CamScanner

			пайдалы болады.	*айналдырсаңыздар жақсы.*

Ұсыныс балалардың жас ерекшелігіне сай тапсырмаларды сұрыптау

Әдіскер: **Камза Сайрангүл**

«Құлпынай» орта топ тәрбиешілері:

Құнапия Жарқынгүл

Қожарханқызы Гүлнар

Scanned with CamScanner

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Сәуір айы I апта

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 30.03.2026	Сейсенбі 31.03,2026	Сәрсенбі 01.04.2026	Бейсенбі 02.04.2026	Жұма 03.04.2026
Балаларды қабылдау	*Күй күмбірі – баланы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу.*	*Күй күмбірі – мәдениетке баулу жолы.*	*Күй күмбірі – ұлттық құндылықты құрметтеуге үйрету.*	*Күй күмбірі – баланың жүрегіне ізгілік дарыту.*	*Күй күмбірі – азаматтық болып өсуге тәрбиелеу.*
	Балаларды жылы қарсы алу, есімдерімен атау; Көңіл-күйін сұрау («Қалай отырсың?», «Көңіл-күйің қалай?»); Баланы топқа еркін бейімдеу: құрастыру ойындары, жұмсақ ойыншықтар.	*Балаларды есік алдында күлімсіреп қарсы алу; Баланың көңіл-күйін бақылау (қуанышты, мазасыз, ұйқышыл т.б.); Баланы шағын топпен ойнауға тарту.*	*Баланы есімімен атап, құшақтап қарсы алу; Таңғы жылы амандасу ойынын өткізу («Қол алысып, күлімдейміз»); Баланы топ бұрыштарына (кітап, сурет салу, құрастыру) еркін орналастыру; Баланың эмоционалды жағдайына ерекше назар аудару.*	*Баланы шаттық шеңберіне шақырып, ән айту арқылы қарсы алу; Баланың киімін шешуге көмектесу, тазалыққа баулу; Баланың көңіл-күйін сөзбен білдіруге үйрету («Мен қуаныштымын», «Мен реңжіп тұрмын»); Балаларды достарымен ортақ ойынды бастауға бағыттау.*	*Баланы көңілді ойынмен қарсы алу («Кім күлімдейді?», «Сәлем, досым!»); Баланың апта бойы жетістігін атап өту (мысалы: «Бүгін сен тез киіндім дедің», «Сен досыңа көмектестің»); Балаларды демалысқа көңілді шығарып салу.*
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	*Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.*				
	***Әңгіме:** Таңертеңгі жылы сөз бен мейірім – баланың көңіл-күйіне қуат береді. Жылы қарым-қатынас арқылы бала өзін қауіпсіз әрі сенімді сезінеді.* ***Кеңес:** Баланы балабақшаға әкелгенде күлімдеп, жылы сөз айтып шығарып салыңыз, балаңызға да жылы сөзді айтуға үйретіңіз.*	***Әңгіме:** Тазалық – денсаулық кепілі. Баланың мәдени-гигиеналық дағдылары балашақта оның денсаулығы мен тәртібіне әсер етеді.* ***Кеңес:** Үйде қолды жуу, тіс тазалау, киімді таза ұстауды балаңызға күнделікті үйретіңіз.*	***Әңгіме:** Әдептілік – ата-анадан басталады. Бала үлкендерді сыйлауды, сыпайы сөздерді қолдануды отбасынан үйренеді.* ***Кеңес:** «Рахмет», «өтінемін», «кешір» деген сыпайы сөздерді балаңызға жиі айтуға үйретіңіз.*	***Әңгіме:** Сөйлеу мәдениеті – баланың балашақтағы жетістігінің негізі. Дұрыс сөйлей алған бала өз ойын еркін жеткізеді.* ***Кеңес:** Балаңызға қысқа тақпақтар мен жаңылтпаштарды үйретіп, оны күнде қайталауға дағдыландырыңыз.*	***Әңгіме:** Отбасы – баланың алғашқы мектебі. Отбасында алған тәрбие – оның болашағына іргетас қалайды.* ***Кеңес:** Демалыста балаңызға пайдалы істі бірге жасауды үйретіңіз (мысалы: гүлге су құю, болмені жинастыру).*
Балалардың іс-әрекеті (ойын,	***«От – дос, от – жау»** **Мақсат:** Отпен ұқыпты ұстаса пайда, абайсызда*	***«Тыйым салынған және рұқсат етілген»***	***«Суретші нені араластырды»***	***«Өрт кезінде өзін қалай ұстау керек»***	***«Телефондағы диалогтар»** **Мақсаты:** Балаларды телефонда нөмірді дұрыс*

Scanned with CamScanner

танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	*зиян келтіретіні туралы білімдерін бекіту; өрт қауіпсіздігі туралы білімдерін тереңдету.*	***Мақсаты.*** *Өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптары туралы білімдерін бекіту; әрекеттеріңізге жеке жауапкершілікті арттыру.*	***Мақсаты:*** *Балалардың зейінін, ойлауын, есте сақтауын, қиялын, сөйлеуін дамыту.*	***Мақсаты:*** *Өрт кезінде өзін-өзі ұстау ережелері туралы білімдерін бекіту. Қиял, логикалық ойлау, ұсақ моториканы дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.*	*теруге және сұрақтарға нақты және нақты жауап беруге үйрету.*
	Өрт қауіпсіздігі ойындар картотекасынан				
Таңғы жаттығу	*Сәуір айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Сәуір айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Сәуір айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Сәуір айының 1-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*	*Сәуір айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.*
	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.Жаттығу кешені қосымша тіркелген				
Таңғы ас	*Үнемді тұтыну - Судың, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*				
	Әңгіме: *– Балалар, қолымызды жуған кезде суды көп ағызбаймыз. Қажет болса ғана ашып, жуған соң жауып қоямыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Еденге су төгілсе, тайып құлап қалуымыз мүмкін. Сондықтан абай боламыз.*	***Әңгіме:*** *– Ас – еңбекпен келген ризық. Оны төкпей-шашпай жеуіміз керек.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, ыдысты қолымыздан түсіріп алмау үшін дұрыс ұстаймыз.*	***Әңгіме:*** *– Тамақ ішкенде орындықта түзу, әдемі отырайық. Арқамызды тік ұстасақ, ыдыс та төгілмейді.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қисайып отырсақ, ыстық тамақ төгіліп кетуі мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде қасықты оң қолымызға ұстаймыз. Сонда тамақты төкпей, әдемі жейміз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Қасықты бұлғап ойнамаймыз, ол қасымыздағы балаға тиіп кетуі мүмкін.*	***Әңгіме:*** *– Ас ішкенде қатты сөйлемейміз. Әдепті бала дастарқан басында тыныш отырады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ауызымызда ас болғанда сөйлесек, қақалып қалуымыз мүмкін.*
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)	***Ойын: «Жақсы іс – жаман іс»*** *Тәрбиеші сүреттер көрсетеді: бала гүл суарып тұр (жақсы іс), қоқыс лақтырып тұр (жаман іс).* *Балалар ажыратады: «Бұл дұрыс», «Бұл дұрыс емес».* *Мағынасы: жақсы іс пен жаман істі ажырату.*	***Ойын: «Әдепен әуен»*** *Тәрбиеші: «Мен ән бастаймын, сендер жалғастырыңдар» – деп қарапайым балалар әнінен жол айтады.* *Балалар әнді бірге айтады.* *Мағынасы: шығармашылыққа, өнерге баулу.*	***Ойын: «Кімге көмектесеміз?»*** *Тәрбиеші: «Ана үстелді жинап жатыр, әжесі жіп ширып отыр. Сен не істейсің?»* *Балалар: «Көмектесемін», «Жинап беремін».* *Мағынасы: еңбектің мәнін түсіндіру.*	***Ойын: «Жоғалған зат»*** *Тәрбиеші үстелге бірнеше зат қояды (доп, қасық, кітап). Біреуін жасырады.* *Балалар: «Доп жоқ», «Қасық жоқ» деп табады.* *Мағынасы: есте сақтау, байқағыштықты дамыту.*	***Ойын: «Сөйлемді жалғастыр»*** *Тәрбиеші: «Аспанда ...»* *Балалар: «күн бар», «бұлт бар», «жұлдыз бар».* *Мағынасы: сөйлемді толық құрастыру.*

Scanned with CamScanner

Кестеге сәйкес ҮІӘ	Музыка: 9:35-9:50	Дене тәрбиесі: 9:20-9:35		Дене тәрбиесі: 9:00-9:15 Қазақ тілі: 9.20-9.35	Дене тәрбиесі: 9:15-9:30
Кестеге сәйкес ҮІӘ	*«Біз табиғат қорғаушыларымыз!» - экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында кіріктірілген үіз.*				
	Қызығушылықты ояту. ***Мига шабуыл*** ***Жұмбақ жасыру.*** ***Жұмбақ жасыру:*** *Аналарға сыйлайтын,* *Аралар бар жинайтын.* *Бұл немене, балалар,* *Үзуге адам қимайтын* ***Ой дамыту.*** ***АКТ технологиясымен жұмыс.*** *(Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу).* 1. *Балалар, қандай гүлдерді білесіңдер?* 2. *Гүлдердің адамдарға қандай пайдасы бар?* 3. *Гүлдерді қалай күтіп баптайміз?* 4. *Гүлдерді тағы қандай мақсатта пайдаланамыз?* ***Сұрақ-жауап*** 5. *Мына гүлге не жетіспейді?* 6. *Толық бояуы жоқ.* 7. *Қандай түстермен бояу керек?*	***Балалармен әңгімеесу*** *Қазір жылдың қай мезгілі?* *- Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай?* ***Ой дамыту.*** ***Менің сүйікті бұрышым.*** *Гүлдер туралы иллюстрациялар қарау.* *Балалар,мына суретке қарандаршы* *-Нені суретпін көріп тұрсыңдар?* *-Гүлдер нешеге бөлінеді?* *-Гүлдің қандай пайдасы бар?* *-Гүлдер адамдарға не сыйлайды?* *-Көктемде қандай гүлдер өседі?* *Гүлдерді қалай күту керек білесіңдер ме?* *-Гүлдер әдемі болып өсу үшін не керек?* ***Ой қозғау.*** *- Енді осы суреттер арқылы өлең құрастырайық* *Гүлдер,гүлдер шоқ гүлдер* *Қызыл гүлдер,көк гүлдер* *Бақшамызға сән бердің* *Суарайын мен сені* ***АКТ технологиясы.*** *Гүлдің құрлысымен таныстыру.*	***Ой дамыту.*** ***АКТ технологиясымен жұмыс.*** ***Слайдпен жұмыс.*** *Өсімдіктер туралы түсінік беру.* *Табиғат бұрышына сапхат.* ***Практикалық жұмыс:*** ***Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»*** ***Шарты:*** *Табиғат бұрышындағы гүлдерге күтім жасау жолдарын ретімен айту.*  ***Сұрақтар ілмегі:*** *Сонымен балалар өсімдік жақсы өсу үшін қалай күту керек екен?* *Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?* ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар,* *Алдымнан жел еседі.* *Кіп-кішкентай ағаштар* *Үп-үлкен болып өседі*	***Ой дамыту.*** ***АКТ технологиясымен жұмыс.*** *(Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу).* ***Топқа бөліну*** ***Алдын ала жүргізілген жұмыс бойынша.*** ***1 – топ:*** *Бәйшешектен білеміз,* *Көктем келіп қалғанын.* *Мәз боламыз, күлеміз,* *Көрсек гүлін жарғанын.* ***2 - ші топ:*** *Алғаш рет күркіреп,* *Ағыл – тегіл жауса күн.* *Қырға шығар дүркіреп,* *Көктем басы – жауқазын.* ***3 - ші топ:*** *Үлбіреген бақбақ,* *Үлпілдеген аппақ,* *Уф! – десем, бақбақ,* *Ұшасың ғой қаптап.* ***Дид ойын: «Ретімен орналастыр»*** *Шарты: Гүлді өсу ретімен жапсыру.*	***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар, балабақшаның электрондық поштасына Көктем ханшайымынан хат келді, онда көктем гүлдері желмен ұшып араласып кетіпті. Соған көмек керек екен.* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру*** *Қолы жоқ, аяғы жоқ-* *қозғалады,* *Ауызы жоқ тыныс алады,* *қоректенеді,* *Бұл не болды?* *Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.* *Гүлдер қай мезгілде шығады?* *Балалар: Бұл көктемде болады.* *Бізге бірнеше тапсырмаларды орындау керек, дайынсыңдар ма?* ***Дид ойын. «Қоңырау»*** ***Шарты:*** *көктем белгілерін еске түсіріп, атау керек.* *Балалар бір-біріне қоңырауды беріп, сөгады, көктем белгілерін атайды.* *Ағаштарда бүршіктер пайда болады, содан кейін жапырақтары шығады.* *Күн қазірдің жылынады,* *Құстар ұшып келеді;*

Scanned with CamScanner

	8. **Дид ойын: «Гүлді әсемде»** 9. **Шарты:** Гүлді түсіне сай бояу арқылы толықтыру.  10. 11. **Ой қозғау.** 12. **Гүл туралы ертегі тыңдағыларың келе ме?** 13. Менің сүйікті бұрышым 14. Ертегілер әлемі. **Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі** **Ертегі туралы түсінік беру.** Ертегі желісі арқылы сұрақ –жауап **Сергіту сәті** Біз гүлдерше өсеміз Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы Желге ырғалып шайқалған **Дид ойын: «Гүл егуге не қажет?»** Гүлге арналған құралдарды тақтаға іледі	 **Дид ойын: "Гүлдерді түстеріне қарай ажырат"** **Шарты:** Тақтадағы гүлдердің сыңарын стол үстінен тауып қасына жапсыру. **Дид ойын: «Ретімен қой»** **Шарты:** Берілген суреттегі гүлді өсу ретімен құрастыру  Қандай гүл шықты? Түсі қандай? **Сергіту сәті:** Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді) Су құямын гүлге(қолмен су құйды) Гүл күткенді біледі(тербеледі) Бойын сылап күледі(бойын қолымен сыйпайды) Күнде гүлін аңады Жұпарын маған шашады(қолын желпейді) **Дид ойын: ойын: «Гүлдерді топта»**	**Дид ойын: «Ағашқа не керек?»** Шарты. Суреттерді ұсыну.(күн, құстар, тамшы, жер, тұқымдар, т.б.). **Балаларды топқа бөлу.** **1-топ:** -Мен ағашқа күнді беремін. Ол жарқырайды, бізді жылытады және жапырақтары жасылға айналады. Ағашқа күнді жапсыру. **2-топ:** Мен ағашқа құс беремін. Ол ағашты құрттардан тазалайды, ән салады.құстарды ермексаздан жасап ағашқа жапсыру. **3-топ:** Мен ағашқа бір тамшы су беремін. Ол ішіп, жапырақтары жайқалып үлкен болып өседі. Суды боя, ағашқа жапсыру. **4-топ:** Мен ағашқа жер – топырақ беремін, ағаш жақсы өссін, ол тамақтансын деп. Топырақтың суретін құрастырып ағаш түбіне қою. **ҰОҚ қорытындылау.** Сұрақ-жауап. Бас бармақ әдісі бойынша қорытындылау. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз Тал егеміз бақтарға Айналасын қорғаймыз	 **Сергіту сәті:** Гүлдер, гүлдер көк гүлдер, Қызыл гүлдер, көп гүлдер Өсе берші нұрланып, Өсе берші ырғалып **Дид ойын: «Өсімдік қалай өседі?»** Шарты: Өсімдіктің өсіру жолдарын атау.  	Жасыл шоптер шығады; Жәндіктер аңнады; Көктемгі гүлдер пайда болады. **Ой қозғау.** Жарайсыңдар, барлық белгілерді атадыңдар. Экранға қарайық (слайдта көктемнің алғашқы гүлдерінен басқа барлық белгілер көрсетілген), оңтүстіктен ұшып келген құстар, ағаштарда жапырақтар пайда болды, бұлақтар ағады, жас шоптер. Бірақ мен көктем гүлдерін көрмеймін. Көктемгі гүлдердің бейнесін өзіміз жасауымыз керек екен. **Дид ойын: «Көктем гүлдерін тауып ата»** Шарты: Көптеген әдемі гүлдер әкеледі. Біз бұл гүлдердің атын білеміз бе? Балалар көктемгі гүлдердің иллюстрацияларын тауып, оларды атайды. Гүлдерді көктем аланқайына жапсырады. **Дид ойын: «Ортақ белгісі не?»** **Шарты:** Гүлдердің ортақ белгісін атау. Гүлдердің сабағы, жапырақшалары, жапырақтары, тамырлары бар. **Сұрақ олар ұқсас па?** **Ал айырмашылығы неде?** Олардың жапырақшалары мен жапырақтары әртүрлі.

Scanned with CamScanner

